



Павлодар облысының мәдениет баскармасы

С.Торайғыров атындағы облыстық біріккен
әмбебап ғылыми кітапхана

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА 2011 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӘТІЛЕТИН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР

ПАВЛОДАР, 2010

УДК-059.93
ББК-92.5 (5 Каз-4 Пав.)
П-12

П-12 Павлодар облысында 2011 жылы атальп өтілетін және еске алынатын күндер. – Павлодар: ЭКО, 2010. – 232 б. – қазақша.

Павлодар облысының 2011 жылы атальп өтілетін және еске алынатын күндер күнтізбегі аныктамалық-библиографиялық күрал болып келеді. Оның мақсаты Павлодар өнірі мен атақты адамдары жайлы айтып, өнірдің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдениет өмірін көрсету.

Көрсеткіш кітапхана қызметкерлері мен мәдени-ағарту мекемелеріне және өлкетану әдебиеттерімен танысқысы келетін барша оқырман қауымға арналған.

**УДК-059.93
ББК-92.5 (5 Каз-4 Пав.)**

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	4
Елдігіміздің мәні мен сәні /Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған мақала /	7
Павлодар облысында 2011 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер хронологиялық көрсеткіші	17
«Павлодар облысында 2011 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер» күнтізбегіне берілген қысқаша анықтамалар мен әдебиеттер тізімі»	25
Қазақстан Республикасының 2011 жылы еске алынатын күндері мен мерейтойлар көрсеткіші.....	80
Қазақстан Республикасының мемлекеттік және кәсіби мерекелерінің көрсеткіші	84
2011 жылы аталып өтілетін ТМД және шетел ғылым, өнер, әдебиет қайраткерлерінің мерейтойларының көрсеткіші	85
Халықаралық мерекелер және бұкіләлемдік күндер көрсеткіші	95
Күнтізбекте аталып өтілген есімдердің алфавиттік көрсеткіші	97
Көрсеткіште пайдаланылған мерзімді басылымдар тізімі	98

АЛҒЫ СӨЗ

Әр елдің, әр халықтың рухани, мәдени, тарихи құндылықтары бар. Ол құндылықтар қаншалықты көне болса, оның зерттелу тарихы да соншалықты тереңге барады. Қазақ елі бай ел. Оның ішінде, Ертіс өнірі – мәдениет пен тарихқа бай өлкे.

Бұл өнір талай қазақ ғалымдарының, өнер, білім қайраткерлері, жалпы әлемге әйгілі ұлы адамдардың қаны тамған өнір. Павлодар облысы алғашқы академик, ҚР Ғылым Академиясының негізін қалаушы Қаныш Сәтбаевты, ұлы ғалымдар Әлкей Марғұлан, Шапық Шокин, Әбікен Бектүров және басқа да адамдарды әкелді. Бұл өнірден талай атақты ақын-жыраулар, жазушыларымыз шықкан.

Қазіргі кезде қоғамның даму барысында өлкетануға ерекше көңіл бөлінуде. Барлық елдер мен халықтарға тән, терең тамыры бар – мәдени, тарихи және әлеуметтік құбылыс болып келеді. Өлкетану – көп функцияларды атқарады, оның ішінде ең маңыздысы – жинақтап, жүйелеп, оны сақтап, ұрпақтан ұрпаққа, ғасырдан ғасырға орасан көп арнаулы білімді жеткізу мүмкіндігі бар – **ақпараттық функциясы**. Біз қазіргі уақытта өлкетануға қызығушылықтың жандануының күәгерлері болып отырмыз.

Облыстық кітапхана қызметінде өлкетану жұмысы ерекше орын алады. Өлке туралы, өнер және мәдениет, ғылым мен әдебиет саласында елеулі үлес қосқан тұлғалар жайлы, әр түрлі өлкетанулық библиографиялық ақпараттың жасалуы маңызды болып келеді. Солардың бірі – библиографиялық көрсеткіштер. 40 жылдан аса «Павлодар облысында аталып өтілетін және еске алынатын күндер» күнтізбегі шығуда. Әрбір күнтізбек тарихи оқиғалардың негізгі шежіресін, жұртшылықты республика, өлкетану тарихында өз еңбектерімен ерекше үлес қосқан адамдармен таныстырып келуде.

2011 жылы көп мерейтойлар аталмақшы, соның ең негізгісі, жалпы, Қазақстан атап өтетін үлкен мерейтой – **Қазақстан Тәуелсіздігінің** жиырма жылдығы. Қазақ елінің тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болғанына жиырма жыл толды. Сол салыстырмалы аз уақыт ішінде ел өмірінде бірқатар күрделі саяси-құқықтық, экономикалық, әлеуметтік өзгерістер мен оқиғалар болып өтті.

Осыған орай күнтізбектің басын Д. Мамырбаеваның «Елдігіміздің мәні мен сәні» атты мақала бастайды.

2011 жылы өлкे тарихын зерттеп, дамытып және насиҳаттауда көп үлес қосқан өлкетанушылардың мерейтойлары аталады: олар, Б.М. Хазыров (85), М. Гапон (85), Э.Д. Соколкин (75).

Павлодар облысының мәдени өмірі – әнші, актер, ҚазКСР-нің халық әртісі, ҚазКСР-н еңбек сінірген әртісі К. Кенжетаевтың 95 жылдық, педагог, музыкатанушы, композитор Н.Г. Шафердің 80 жылдық, композитор және дирижер В.С. Ширинкиннің, композитор, ҚР еңбек сінірген мәдениет қызыметкері М.Н. Пульганың және ҚазКСР-н еңбек сінірген мәдениет қызыметкері Н.Г. Касъянның 75 жылдық, әнші, халық шебері, ҚР еңбек сінірген мәдениет қызыметкері Н. Әділбековтың және суретші Н.А. Петерштің 65 жылдық және т.б. мерейтойлармен аталып өтіледі.

2011 жылы – Қазақстанның және облыстың білім мен ғылым салаларына елеулі үлес қосқан жерлес ғалымдар, филология ғылымдарының докторы, ҚазКСР-н еңбек сінірген мұғалімі, еңбек сінірген ғылым қайраткері Б. Шалабаевтың (100), ғалым-биохимик, биология ғылымдарының докторы, профессор Н.А. Будчановтың (95), медицина ғылымдарының докторы, профессор Х.Қ. Сәтбаеваның (90), ғалым-филолог, профессор Е. Өтебаевтың (85), ғалым-физиолог, биология ғылымдарының докторы К. Дүйсембиннің (80), техника ғылымдарының докторы Г. Үәлиевтің (70), филология ғылымдарының докторы, профессор, әдеби сыншы Қ.Ф. Жүсіповтың (70), экономика ғылымдарының докторы, профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ-нің ректоры Е.М. Арынның (50), техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ғылым Академиясы жоғары мектебінің нақты мүшесі, ҚР еңбек сінірген ғылым қайраткері А.Д. Фрезоргердің (70) және т.б. мерейтойлары аталады.

Күнтізбек бірнеше бөлімнен тұрады. Оны мазмұнынан қараңыз. Қорсеткіште алдымен биографиялық анықтама, сонында әдебиеттер тізімі берілген. Тізімде алдымен кітаптар, кейін мерзімді басылымдар қорсетіліп, ішінде алфавит бойынша орналасқан. Күнтізбек әдебиеттерді мейлінше толық есепке алу міндеттін көзdemейді. Анықтама берілген мерейтой күндер жұлдызшалармен белгіленген. Қазақ тілінде берілмеген кейір

анықтамаларды орыс тіліндегі күнтізбектен қараңыз. Күнтізбекте географиялық атаулар көрсеткіші мен пайдаланылған мерзімді басылымдар тізімі көрсетілген.

Керекті мәліметтер мен аталып өтілетін күндерді және материалдарды іздестіріп, анықтау жұмысында С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың кітап қоры пайдаланылды. Пайдаланушыларға осы құралда берілген әдебиеттер тізімімен шектеулі болмай, көрсеткіш жарыққа шыққаннан кейін кірмей қалған мерзімді басылымдар бетінде шыққан материалдармен, әдебиеттермен, жалпы жарық көрген жаңа мәліметтермен танысуға болады.

Көрсеткіш кітапхана мен мәдени-ағарту мекемелеріне, мұғалімдерге, студенттерге, ғылыми, бұқаралық-ақпарат қызметкерлеріне және өлкетану материалдармен танысқысы келетін барша оқырман қауымға арналған.

Құрастырушылар көрсеткіш туралы пікірлеріңізben тілектерінде мына мекен-жайға жіберулеріңізді сұрайды:

140000 Павлодар қаласы
Академик Сәтбаев көшесі, 104
С. Торайғыров атындағы облыстық
кітапхананың ақпараттық-
библиография бөлімі
<http://www.pavlodarlibrary.kz>
e – mail: library @ pavlodar.kz

ЕЛДІГІМІЗДІҢ МӘНІ МЕН СӘНІ

/ Қазақстан Тәуелсіздігіне – 20 жыл /

Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті. Бұл сөзді қазір тебіренбей, қалыптасқан, әу баста солай болу керек секілді айта салатынымыз жасырын емес. Ұзақ жылдар отаршылықта бағынышты хал кешкен халықтың бір-ақ күнде тәуелсіздік алып шыға келуі қараңғы қапаста отырган адамды кенет жап-жарық күнге алып шыққанда көзін қарықтығанмен бірдей болғанын, сол сәтті көзben көрген, бастан өткерген біздердің есімізде ерекше сақталды. Жүргегіміз алып ұшып, ерекше қанаттандық.

Қалай болғанда да, сын сағатта бекітін, біріgetін ел еkenіmіzdі сезіндік. Тәуелсіздік алғаннан кейін елдіктің, ұлттық болмыстың өлшемі, арман-мұдденің көрінісі ту, елтаңба, әнұранға конкурс жарияланды. Себебі оған дейінгілерді Мәскеудің жанына жағатында, орталықтың ойынан шығатында етіп жасағанымыз санағында ашылғанда бірден байқалған еді. 1992 жылдың 4 маусым күні «Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалауы туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы туралы», «Қазақстан Республикасы мемлекеттік әнұранының музикалық редакциясы туралы» арнайы заң қабылданды. Сонда ел ерекше қуанышп, дастархан басында, көлік ішінде өз пікірлерін бір біріне қызулаған жеткізіп жататын. Күн сайын шығатын басылымдар осы бір қуаныштың, қасқабағын қалт жібермей аңдып, оқырмандарына сол сәттің көніл-күйін, көпшіліктің пікірін, көзқарасын, үміткер авторлардың сөздерін беріп жатты. Ту, елтаңба қабылданып, әнұранының сөзі қайта жазылды. Сонда бөркімізді аспанғалақтырып, қуанғанымыз-ай., сонда әрқайсымыз отансүйер, Отан үшін отқа түсер намысымыз жалындал, еңсеміз көтерілген, рухымыз биіктеген. Ішкі бір құдірет жоғалтқанды, тонатқанды қалыбына келтіруге мейірімін түсіргенін сезінгенбіз.

Дербес, тәуелсіз мемлекет еkenіmіzdің ең басты белгісі – ту, елтаңба, әнұран және ақша еkenі белгілі ғой. Мемлекеттік ту – мемлекеттің намысы мен рухы. В. Даль орта ғасырдан көп бұрын ерте дүние кезінде-ақ жеке ұлттық топтар мен рулардың, ру одақтарының, мемлекеттердің бір-біріне ұқсамайтын көркем

суретті белгілері болғандығын айтса, А. Левшиннің жазбалары бойынша қазақтардың әр тайпасының үлкен туы, әр рудың елтаңбасы болғанын білдік.

Қазақтың ауыз әдебиетіндегі жырларда батырлар туы туралы жиі айтылады. Ту бейбіт кезде үлкен құрметпен сақталып оны тек жаугершіліктे ғана көтеріп шықкан. Жорықтарға бас туды сақтаушы ретінде беделді құлтандар мен батырлардың біреуі сайланатын. Қазақ хандары арасынан алғаш қызыл ту ұстаған Орыс хан болса керек. Ақ туды Шағатай ұрпағы, көк туды Үгедей ұрпақтары желбіретіпті. Ертедегі Меде хан ұрпағы сары ту, Әмір-Темір әuletі нағыз аспан көк ту ұстаған. Бұл түстердің әрқайсысының өзіндік мәні бар. Мысалы, көк тұс – кеңдікті, ақ тұс – шындықты, бақыт пен қуанышты, сары – ақыл мен қайғыны, қызыл – от пен құнді, азаттық үшін төгілген қанды, жасыл тұс – көктем мен жастықты, қара – қайғыны білдіреді.

Қазақтың кең даласында сан рет көршілердің шапқыншылығы болып, ел басына күн туып, босқын болған оқигалар тарихтан белгілі. Сол ел басына күн туған қыын-қыстау сәттерде даланың үш данагөйі – Төле би. қаз дауысты Қазыбек би және Әйтеке би Ордабасында кеңескеннен кейін Әблілқайыр хан үш жүздің басын қосып, Бөгенбай батырға қазақтың туын ұстатаады. Сол сәтте даланың данышпан перзенті Төле би Бөгенбайға былай дейді:

– Бөгенбай батыр, сен көтерген бұл туда еніреген ел мен жесір қалған келіншектің, аңыраған ана мен баланың, көзінен сора, көкірегінен нала кетпеген бабаның, кіндікке түскен сақалы қайғы-қасіретпен ағарған дананың көз жасы бар! Қасіретті елі үшін, қайғы жүтқан халқы үшін өлімнен де ықпайды. ерлік туын жықпайды деп қазақтың туын саған ұстаттық!.. Жолың болсын, батырым! – деген сәтте сол арада жиналып тұрган жүз мынға жуық халықтың көңілдері толқып, жанарлары жасаурап кетті...

Ту туралы аңыздар да көп. «Тоқтамыс Самарқанды қоршап тұрганда туы кездейсоқ, өз-өзінен жығылғанда, рухы түсіп, құты қашқан әскерлер ойсырай женіліпті», – дейді.

Болса болар, Сүйінбай ақынның:
Бөрілі байрак астында,
Бөгеліп көрген жан емен.

Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен.
Бөрілі найза ұстаса,
Түйремей кеткен жан емен.
Бөрілі байрақ құласа,
Күйремей кеткен жан емен, –

деуі ту қасиетінің ерекше нышанды, тылсым құбылысты екенін аңғартса керек. Есауыл Рыбин Кенесарының бәйбішесі Құнімжанның ауылын шапқанда Кенесарының туындаі ту желбіретіп, жұртты қапы қалдырып, сан соқтырыпты. «Алаш» автономиясының туы негізінде Түркістан мемлекеттік туының нұсқасын жасағанда Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Шоқай, З. Үәлиди, Ф. Сұлтанғалиев, С. Қожанұлы секілді ісі түркі жұрттына ортақ қайраткерлердің пікір қосып, ол іске белсене араласуы онда айрықша бір құдіреттің барлығын аңғартса керек. Вексилология (тұтану) өмірге келгелі де бірнеше ғасыр өтіпті. Бұл жөніндегі алғашқы кітаптар XVI ғасырда жарық көрген екен. Француз тарихшысы Менестрэ 1650 жылы осы саланың ұңғыл-шұңғылын қоймай зерттегені үшін елтаңбатану ілімінің негізін қалаушы атанды.

1992 жылы 4 маусымда мазмұны бұрынғылардан мүлде бөлек Қазақстан Республикасы туының бейнесі бекітілді. Мемлекеттік тудын авторы Шәкен Оңалсынұлы Ниязбеков «Жаңа ту қалай жасалды?» дегенге:

«Мемлекеттік туға арналған байқауға 600-ден астам жоба тұсті. Іріктеуден өткен ең соңғы төрт жоба комиссияның шешімімен жоғарғы Кеңестің талқысына ұсынылды. Әрине, ту төңірегінде әр турлі пікірлердің, ұсыныстардың болғаны рас: біреулер жалаудан сегіз бұрышты жұлдыздың бейнесін көргісі келетінін, келесілері қазақтың киелі дүниесі – шаңырақты салу қажеттілігін алға тартты. Дегенмен бұл ұсыныстар менің көңілімнен шыға қоймады. Өйткені, сегіз бұрышты жұлдызы Әзіrbайжанның мемлекеттік жалауында бейнеленгенді. Және басқа мемлекеттердің нышанында болатын. Ал шаңырақты біздің алдымызда ғана қырғыз бауырларымыз қабылдаған. Сондықтан бұл екеуінің қай-қайсысын да қайталап жату артық болар еді. Сөйтіп, өзгеше жоба жасауға бекіндім. Байқаудың аяқталуына үш күн қалғанда жаңа жалау жобасын жасауға кірістім. Себебі, алдыңғы жасаған жоба-

ларыма көңілім толмағанды. Сонымен соңғы жасаған жоба жүртшылықтың көңілінен шығып, мемлекетіміздің төлтуына айналды.

Тудың түсі көк болуы – бүкіл дүниеге көк жүзі аспан әлемі ортақ. Жер шары сан тараңқа, ұлттарға, мемлекеттерге бөлінгенімен, айқара аспан ешқашан бөлінбек емес. Әрі бастағы мақсатым – туды жасауда алакұлалықтан аулақ болу еді. Соған орай бүкіл адамзатқа біртұтас аспан көк түсті алғаным да сондықтан. Ал құнгे келер болсақ, ол да жапанға ортақ нәрсе. Бұлтызыз аспандаған нұрын шашқан Құн сәулесі баршага нұрын төгеді. Құн жылуы жер бетіндегі бүкіл тіршілік атаулыға ортақ. Сондықтан тудан Құн орын алуы тиіс деп шештім.

Қазақ халқы қашанда қыранды қасиетті, киелі құсқа балаған, Егемендік алған қазақ елінің қыран тәріздес биікте, ғұмыры ұзак болсын деген ойдан туған дүние, бұл. оған қоса туда қазақтың ұлттық ою-өрнегі бейнеленген. Зер сала қараған адамға тудағы композициялық тұтастықты байқау әсте қыын емес. Көк жүзінде ғаламға нұрын шашқан Құн сәулесі, астында қияға қанат каккан қыран – тыныштықтың, берекелі өмірдің рәмізі іспеттес. Оның үстіне ұлттық, ою-өрнек қазақтың ұлттық танымын, қасиетін көрсетеді. Егер тудан ою-өрнекті алып тастайтын болсақ, алтын түстес Құн мен Қыраннан басқа ештеңе калмайды. Бұл бір. Екіншіден, халқымыздың қайсы затын алсақ та, бәрі ұлттық ою-өрнекпен әшекейленген десе де болады. Мемлекеттік тудағы ою-өрнек құнделікті тұрмыста жиі кездесетін оюдың көшірмесі емес, қайта туған ұлттық реңк таныту үшін арнайы жасалды.

Алғашқы кезде ту байқаудан өткенге дейін «менікі» деген сезім бар болатынды: Ол кезде өзімнің қолтаңбам деп еркін айтатынын. Ал қазір мүлде басқаша. Қазақстан туы халықаралық жиындар мен бас қосуларда, Республика Президентінің шет елге шыққан сапарында көтерілген сайын мені «біздің қазақ халқының туы» деген мақтанашиб сезім билейді...» («Егеменді Қазақстан», 16 желтоқсан, 1992 ж.).

Мемлекеттік ту тігілетін немесе орнатылатын жерлер зандастырылған. Мемлекеттік ту көтерілетін айтулы оқиғалар мен ресми салттар да заңмен айқындалады.

«Бәрі болған қазақ сынды көне елде,
Ел белгі де, ерлік, өрлік, өнер де.

Жаһандағы ең жауынгер халықта
«Ту болмады», – дегенге?! Кім сенеді
Батырлыққа узынан жарыған,
Ер түркіні' байрағынан таныған.
Өзі ақын, өзі әнші халықта
Кім айта алар
Болмаған, – дел, – әнұран?!»
Бас тигізіп жер тарпыған тарпанға,
Жасы тұрмак, шығады еken қарты аңға.
Қалай оның Елтаңбасы болмайды,
Түлігіне дейін салса ен, таңба?! –

деген ақын Абзал Бекенов «қазақ тарихында бүкіл елге ортақ елтаңба болмаған» деушілерге (осындаи пікірлер де айтылған) өнер, өлең тілі-мен әдемі жауап берген.

Елтаңба – мемлекеттің ерекше белгісі. Бұл сөз тілімізге де жақсы сіңісті. Тәуелсіздік алғанға дейін «герб» деген терминді аудармай қолданатынбыз. Сөйтсек, «таңба» еken. Махмуд Қашқарі бұл сөзге «ел билеушілердің ерекше белгілері» деген мағына беріпті. Сіңіскені не, төл ұғыммызыз еken. «Найзасыз ер болмайды, таңбасыз ел болмайды» деген қанатты сөз де көнеден бүгінге жеткен сыр. Мысалы, әйгілі алтын шежіреде Шыңғыс хан Найман мемлекеттің құлатқаннан кейін Таян ханның мөр сактаушысы – Тататунганиді сарай маңында ұстап, өнерін пайдаланғаны жазылған, Найман ханының жеке билік белгісін қойнына жасырып, жылдысып бара жатқан Тататунганидан сарай әкімі Бати:

– Басқасының бәрі бізге қарап жатса, сен қайда қашып баrasың? Мынаны қайда апарасың? – деп сұрайды. Мен өз қызметіме өлгенімше адал болайын деп едім. Бұл таңбаны мәртебелі иесіне табыс етуді ойлағанмын. Үлгермедім.

Ол неге керек? – Ием осы таңбаны маған көздің қарашығындаид сақтатып, келген-кеткен қағазға бастыртушы еді. Жақсы адамды жат жерге жіберерде сенім көрсету белгісі ретінде пайдаланылады, – деп жауап беріпті. Содан былай монголдар өз тілдерінің ынғайларына қарай өзгертип «тамға» деп атап кетсе керек.

Шыңғыс ханның мөрі яшма асыл тасынан жасалған алқызыл тұсті «тамға» болған. Оған: «Құдайтағала – аспанда. Хақан – жердегі құдірет. Адамзат билеушісінің мөрі» деген сөздер жазылған.

Аңыз бойынша, Шыңғыс хан дүниеге келгенде «оң қолына айдаһарлар патшалығының яшма асыл тасынан жасалған мерұстап туыпты» деген сөз бар. Елтаңбаға байланысты геральдика ғылымы, яғни елтаңба тану, арнайы деректеме ретінде зерттеу ғылымы пайда болған.

Ертедегі Грекия мен Римде Кариифтің қанатты аты, Афинаның жапалақ құсы, Венецияның қанатты арыстаны, тіпті Париж қаласының Эйфель мұнарасы сол қаланың елтаңбасы болып есептелген.

Елтаңба ретінде бүркіт, аю, қасқыр, қабан, арыстан, айдаһар бейнеленумен бірге тарихта еңбекшіл халықтың тұрмысын таныттын тырма, айыр, орақ, балға белгілері де болған. Тәуелсіздік алғанымызға орай Қазақстан Республикасының елтаңба бейнесі бекітілді. Онда көгілдір тұс аясында шаңырақ бейнеленген, шаңыракты айнала күн сәулесіндегі тарап уықтар шанышылған, оны аңыз әңгімелердегі пырақтар қанаты көмкеріп тұр. Елтаңбасының жоғарғы жағында бес бұрышты жұлдыз, ал темени жағында «Қазақстан» деген жазу бар. Елтанбаның негізгі бояуы – алтын түстес. Оған зенгір көк нұрдың қосылуы мемлекеттік нышанды айрықша әрлендіріп, бедерлендіріп тұр. Авторлары – Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлиханов. Елтаңба авторларының бірі Жандарбек Мәлібеков елге ұнаған елтаңба туралы мынаны айтты:

– «Елтаңба осы калпында ойға келе қойған жоқ. Ең әүелі менің ойыма келгені шаңырақ еді. Өзбекстанда «Достық, туы» деген газет қазақ тілінде шығып жатыр. Мен осы газеттің мандайшасына шаңырақ белгісін салған едім. Соның артынша мемлекеттік елтаңба жобасына конкурс жарияланды. Содан ойға кеттім. Қарап отырсам, қазақ ешуақытта біреумен соғыспаған екен. Қазақ қашан да жаудан корғанған. Шаңырағын, отбасын, кең даласын корғаган. Бейбітшіл халықтың осы бір болмыс – бітімі елтаңбадан көрініс тапса қайтеді деген ойға келдім. Ал ойдың аты ой. Геральдика заңы деген бар. Бастағы ойды соның заңына бағындырмаса тағы болмайды. Содан ізденіске ізденіс жалғасты.

Қазақта «Шаңырағың биік, кереген кең, босаған берік болсын» деген сөз бар. Осы үш сөз негізге алынды. «Алты қанат ақ орда үй шайқалды» деп келетін аңыз-жырларды жасымыздан жаттап

өскендердің міздің арқасы шығар, елтаңба нышандарын өткен тарихы-мыздан іздең, оны бүгінгі күнмен байланыстыру керек болды.

Елтаңбадан сол елдің тарихы, дәстүрі, рухы толық танылып тұруы тиіс. Оның пәлсапалық мән-мазмұны айқын ашылмаса болмайды. Осы ретте әлемдегі талай елдің елтаңбаларын салыстыра қарап шығуға тұра келді. Мәселен, қос басты бүркіт, қылыш пен қалқан, аузын арандай ашқан арыстан бейнеленген елтаңбалар аз емес. Тіпті Австралияның елтаңбасында кенгуру, Африка елдерінде қолтырауын (крокодил) бейнесін елтаңбаға енгізген елдер бар. Әр халық өзі қасиетті санайтын жан-жануарды мемлекеттік нышан өткен де жайы бар. Бастапқыда «шаңырақ қазаққа тән емес кой» деген синаржақ пікірлер де болды. Сонда. «Ау, Абай да, Абылай да сол шаңырақтың астында дүниеге келген жоқ па?» деген уәж айтуға тұра келді. Аңыздардан арқау тартқан пырақ бейнесіне де қарсы келгендер болмай қалған жоқ. Біле білсек, жылқы да өз кезегінде өркениеттің дамуына ықпал өткен ғой. Ал қазақ – малсақ халық. Осы ретте жиынтық образ, керек болды. Қанатты пыраққа тоқтауымның басты себебі сол. Алтын киімді адам қазақ жерінен табылды. Ал оған дейін де бұл далада үлкен мәдениет болды ғой. Болмаса сондай ғажап ескерткіш тақыр жерде тұра қала ма?.. Елтаңбадағы шаңырақты, яғни біздің бейбітшілік отанымызды корғау қажет болды. Яғни босағаны берік етуді ойладым. Бұл үшін жеті буыннан тұратын мүйіз тандалды. Жеті буын бір жағы – қазақтың «жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі» дегенін аңғарту. Жалпы, қазақ мүйізді қастерледен. Оған қатысты түрлі ырым-нанымдары аз емес. Пырақтың қанаты бір қарағанда бидайдың бауланған сәтін еске салады.

Эу баста елтаңбаның қақ ортасында жарты ай мен шағын-шағын үш жұлдыз бар еді. Талқыға салған кезде сегіз бұрышты, жеті бұрышты, бес бұрышты жұлдыздар ұсынылды. Ақыры бес бұрышты жұлдызға тоқтады ғой. Елтаңбаны конкурсқа жіберілген нұсқасынан ілікпей қалғаны жарты ай мен шағын үш жұлдызға. Қалғанының бәрі талқыдан өтті... («Егеменді Қазақстан», 16 желтоқсан, 1992. ж)

2007 жылғы Парламент мәжілісінде «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандары туралы» Конституциялық Заңын жаңартуды талқылау кезінде, бір «қызық» жағдай бо-

лып, аңтарылып қалдық. «Бес жұлдыздың елтаңбамызда пайдаланғанымызбен, оның сипаттамасын Конституциялық заңда жазуды «ұмытып» кетіппіз. Ұяты ұят-ақ болған. Осы қателерді байқаған сенаторлар Нұрлығайым Жолдасбаева мен Қуаныш Сұлтанов түзетулерді әзірлеپ, ұсынды.

Парламент палаталарының бірлескен отырысында депутаттар қос сенатордың енгізген жаңа редакциясын қабылдады. Онда былай делінген: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір тұс аясында шаңырақ (киз үйдің жоғарғы күмбез тәрізді бөлігі) бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндегі тарап уықтар (тіреулер) шаншылған, шаңырақтың оң, жағы мен сол жағында азыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде бес бұрышты қолемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Қазақстан» деген жазу бар».

Кезінде ескерілмеген тағы бір кемшілік байқалды. Қазақстанның мемлекеттік нысандары қатарына не жататындығы бұрынғы заңда атап көрсетілмепті, тек сипаттамасы беріліпті. Осыны байқаған бірқатар депутаттар тізімді Қазақ елінің тұнғыш Президентінің штандартымен жалғастыруды ұсынды. Дегенмен бірлескен комиссия төрағасы Қуаныш Сұлтанов оны рәміз тұтар уақыт әлі ерте екендігін ұғындырды.

Әнұран – асыл қазына. Әбұнасыр әл-Фараби араб-парсы елдерін аралап жүргенінде бейтаныс бір Халифаның зәулім сарайына ат басын бұрып, ондағы жиналыш отырған халыққа амандастып, «Қайда отырайын?» деп сұрайды. «Қалаған жеріне отыр!» – деген соң патшаның жанына жайғасады.

Патшаның шамшыл келетіні бар емес пе, қонақтың қылышын жақтырмайды. «Басын алындар!» дейді нөкерлеріне өз тілінде. Сонда әл-Фараби: «Тақсыр, өлім жазасына кесілетіндей не жазығым бар еді?» дегенде Халифа таң қалып: «Сен біздің тілді қайдан үйрендің?» дейді. Әл-Фараби өзінің 70 тіл білетіндігін айтады. «Тағы қандай өнерің бар?» дегенде, әл-Фараби өзінің тоғыз ішекті домбырасымен нәшіне келтіре бір сазды күй ойнағанда отырғандар ішек-сілесі қатқанша күледі, екінші бір әуенде тартқанда жұрт еніреп жылайды. Ушінші жанға жайлы күйді күмбірлекенде тындаушылар тегіс ұйықтап қалады. Сол кезде

әл-Фараби орнынан тұрып «бұл жерде әл-Фараби отырды» деп жазып кетіпті. Бұл ақыздан музыканың құдіретін, тылсым күшін ұққандаймыз.

Гректің «гимн» сөзін қазақшаласақ «ұран», «ұран салу», «жар салу» деген ұғымды береді. Қытайлар гимнді «го-ге» – мемлекет өлеңі, мемлекет әні десе, арабтар Отан өлеңі, Отан әні деп ұғады. Осы орайда, әнұран қазақ үшін бойтұмар іспеттес. Рухани күш. Аруақты өлең. Ел басшыларының ресми сапарының беташары болатыны да содан.

Сондықтан ту мен елтаңба қабылданған тұста әнұранның М. Төлебаев, Е. Брусиловский, Л. Хамиди жазған әуені сол қалпында қалдырылып, ақындарымыз Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзғазы Әлі, Тұманбай Молдагалиев, Жадыра Дәрібаева елімізге тән ерлікті жырлайтын, жүргімізді намыспен қайрайтын өлең сөзін жазған. Ол солай қабылданды да. Бірақ уақыт өте келе Жұмекен Нәжімеденов пен Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әніне жүртшылықтың бүйрекі катты бұрды. Оның себебі де ту-сінікті еді. Ол ел символына айналып үлгерген, көпшілік аузына бірден түсер, кешегінің бүтінге музыкалық сәлемхаты іспеттес аяулы дүние. 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі кезінде елінің еркіндігі мен ар-намысының жоқтаушысы болған халықтың жаңдаусы. Елдің құты.

Әнұран сөзіне байланысты кезінде Елбасымыздың толықтырулар мен өзгертулерін Республика Парламенті бірауызданbekітті. Сөйтіп, бұдан былай мемлекеттік әнұраннымыздың авторлары Нұрсұлтан Назарбаев, Шәмші Қалдаяқов, Жұмекен Нәжімеденов болып танылды.

Осы орайда жаңартылған мемлекеттік нышандар туралы заңнаманың басты бір жаңалығы, бұдан былай радиотолқындар мен телеарналар хабар таратуды әнұранмен бастап, әнұранмен аяқтауға тиіс екендігі міндеттелді. Бұл да бір дұрысымен біткен іс болды.

Конституциямыздың басқы жолдарында Республика азаматы мемлекеттік нышандары – Елтанбаны, туды, ән-ұранды құрметтеуге міндетті деп жазылған.

Әрине, қастерлеп, құрметтеу үшін ол туралы терең түсінік керек. Ол түсінікті алдымен балабақшадан, мектептен бастаған

жөн. Арнайы қосымша курстар жүргізілсе, қазіргі, отаншылдыққа қалай тәрбиелеуге болады? деген мәселенің бір ұшығы шешілер еді. «Қазақстан сенің елің, мемлекетің соның жолында құрбан бол. Бұл мемлекет құрыса үрім-бұтағыңмен, зәузатыңмен сен де құрисың, гүлденсө сен де гүлденесің» дейтін ұлттық идеология мемлекеттік рәміздерді құрметтеуден басталуы керек.

Мамырбаева Д. Елдігіміздің мәні мен сәні // Ақиқат. – 2009. – № 8. – 14 – 19б.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА 2011 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КОРСЕТКІШІ

ҚАНТАР

- 1 қантар** – Фалым, филология ғылымдарының докторы, доцент **Г.С. Сүйінованың** туғанына 50 жыл (1961)
- 12 қантар** – Өлкетанушы, тарихшы **Э.Д. Соколкиннің*** туғанына 75 жыл (1936)
- 13 қантар** – Әдебиетші, музыкатаңушы, композитор, профессор, ҚР Еңбек сінірген қайраткері **Н.Г. Шафердің*** туғанына 80 жыл (1931)
- 16 қантар** – Журналист **С. Эйтеновтың** туғанына 65 жыл (1946)
- 17 қантар** – Әнші, ҚР Еңбек сінірген мәдениет қызметкері **Н. Әділбековтың*** туғанына 65 жыл (1946)
- 28 қантар** – Өлкетанушы, Ұлы Отан соғысының ардагері **М. Гапонның** туғанына 85 жыл (1926)

АҚПАН

- 1 ақпан** – Павлодар 2-ші ТЭЦ – нің алғашқы рет эксплуатацияланғанына 50 жыл (1961)
- 2 ақпан** – Филология ғылымдарының докторы, профессор **Т. Әбді-ғалиеваның*** туғанына 70 жыл (1941)
- 4 ақпан** – ҚР Еңбек сінірген мәдениет қызметкері, композитор, Павлодар қаласының Құрметті азаматы **М.Н. Пульганың** туғанына 75 жыл (1936)
- 6 ақпан** – Драмалық актер, ҚазКСР-нің Еңбек сінірген әртісі, Ұлы Отан соғысының ардагері **И.Г. Чистяковтың*** туғанына 85 жыл (1926-1995)
- 8 ақпан** – Павлодар қаласында алғашқы балабақшаның ашылғанына 90 жыл (1921)
- 8 ақпан** – Фалым-филолог, профессор **Е. Өтебаевтың*** туғанына 85 жыл (1926-1999)
- 12 ақпан** – Техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Еңбек сінірген ғылым қайраткері **А.Д. Фрезоргердің** туғанына 70 жыл (1941)

24 ақпан – Журналист, тарихшы **Х. Қарпықовтың** туганына 60 жыл (1951)

25 ақпан – ҚазКСР – нің еңбек сінірген халық әртісі, әнші, актер, драматург, профессор **К. Кенжетаевтың*** туганына 95 жыл (1916-2008)

НАУРЫЗ

1 наурыз – Павлодар қ. Телеарна орталығының салына басталғанына 50 жыл (1961)

4 наурыз – Павлодар трактор зауытының құрылғанына 45 жыл (1966)

8 наурыз – Соц.Еңбек Ері, ҚазКСР-нің Еңбек сінірген мұғалімі, педагогика ғылымдарының кандидаты **Р.Б. Нұртазина-ның*** туганына 90 жыл (1921)

9 наурыз – Мұсінші **И.П. Лопатиниң** туганына 85 жыл (1926-1993)

11 наурыз – ҚР Еңбек сінірген мәдениет қызыметкери, актер **А.Н. Михайчевтің*** туганына 80 жыл (1931-2007)

Наурыз – Ертіс аудандық балалар кітапханасының* ашылғанына 60 жыл (1951)

Наурыз – Шарбақты ауданы «Боровой» совхозының құрылғанына 50 жыл (1961)

СӘУІР

1 сәуір – Павлодар облысы **білім беру басқармасы педагогика мамандарының** кесіби деңгейін көтеру институтының ашылғанына 60 жыл (1951)

2 сәуір – композитор, дирижер **В.С. Ширинкинің** туганына 75 жыл (1936)

14 сәуір – ҚазКСР-нің Еңбек сінірген мұғалімі және ғылым қайраткері, филология ғылымының докторы **Б. Шалабаевтың*** туганына 100 жыл (1911-1987)

17 сәуір – Фалым – биохимик, биология ғылымының докторы **И.А. Будчановтың*** туганына 95 жыл (1916-1985)

18 сәуір – Жазушы, журналист және педагог **З. Ақышевтің*** туганына 100 жыл (1911-1992)

МАМЫР

1 мамыр – Композитор **М. Ермекбайұлының*** туганына 65 жыл (1946)

- 10 мамыр** – Актер, режиссер Е.И. Еникеевтің тұғанына 95 жыл (1916-1995)
- 14 мамыр** – Композитор, педагог В.И. Ботовтың тұғанына 75 жыл (1936)
- 21 мамыр** – С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың* құрылғанына 115 жыл (1896)
- 21 мамыр** – Дәрігер – хирург, ҚР Еңбек сінірген қызметкері, КСРО Денсаулық сақтау саласының үздігі, Ертіс ауданының Құрметті азаматы З.Н. Раздорскаяның тұғанына 70 жыл (1941)
- 24 мамыр** – Павлодар қаласында көркем шеберханалардың ашылғанына 55 жыл (1956)
- 25 мамыр** – ҚР Еңбек сінірген қызметкері, С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың директоры М.А. Жиенбаева-ның* тұғанына 55 жыл (1956)
- 25 мамыр** – Кеңес Одағының батыры Қ.М. Сұрағановтың* тұғанына 90 жыл (1921-2008)

МАУСЫМ

- 1 маусым** – Кітапхана қызметкері, ҚазКСР-нің Еңбек сінірген мәдениет қайраткері Н.Г. Касьяновның тұғанына 75 жыл (1936-2000)
- 1 маусым** – ПКТИАМ-ның құрылғанына 45 жыл (1966)
- 3 маусым** – Кітапхана ісінің ардагері, С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың кітап қорын өндеду бөлімі менгерушісі Қ.Б. Батталованың* тұғанына 60 жыл (1951)
- 8 маусым** – Биологияғылымдарының кандидаты Т. Рымжановтың тұғанына 60 жыл (1951)
- 10 маусым** – Кітапханашы, ҚазКСР Еңбек сінірген мәдениет қызметкері Т.Р. Рахманқұловтың тұғанына 90 жыл (1921-1994)
- 22 маусым** – Кешкі құрылыш техникумының құрылғанына 55 жыл (1956)

ШІЛДЕ

- 3 шілде** – Кеңес Одағының батыры К.А. Семенченконың* тұғанына 115 жыл (1896-1965)

15 шілде – Драматург, әдебиет зерттеуші **Қ. Кеменгеровтың** туганына 115 жыл (1896-1937)

15 шілде – Өлкетанушы, публицист, Ұлы Отан соғысының ардагері **Б.М. Хазыровтың** туганына 85 жыл (1926)

15 шілде – Ертіс көмір кенінің «**Богатырь**» кені деп аталғанына 40 жыл (1971)

Шілде – «**Пойма**» мүгедектер әдеби бірлестігінің құрылғанына 15 жыл (1996)

ТАМЫЗ

12 тамыз – Павлодар және Ақсу қалаларында арнаулы **балалар мен жасөспірімдер** спорт мектептерінің ашылғанына 45 жыл (1966)

26 тамыз – Орыс ботанигі, географ, Ертіс жағалауын зерттеуші **С.И. Коржинскийдің** туганына 150 жыл (1861-1900)

28 тамыз – ҚазКСР-нің педагогі, «КСРО-нің үздік ағартушысы» **Е. Ермановтың** туганына 80 жыл (1931-2001)

28 тамыз – Фалым – дәрігер, медицина ғылымының докторы **С.Т. Түсінбековтың** туганына 75 жыл (1936)

28 тамыз – Облыстық онкология диспансерінің ашылғанына 60 жыл (1951)

30 тамыз – Орыс жаратылыштанушысы, педагог және өлкетанушы, Павлодар облысының тарихын зерттеуші **А.Н. Седельниковтің** туганына 135 жыл (1876-1919)

Тамыз – Аңшылар мен балық аулаушылар қоғамының құрылғанына 55 жыл (1956)

ҚЫРҚҮЙЕК

6 қырқүйек – Телефон орталық пунктінің ашылғанына 40 жыл (1971)

12 қырқүйек – Шарбақты ауданында «**Трибуна**» газетінің басылып шыққанына 80 жыл (1931)

13 қырқүйек – Журналист **П.И. Оноприенконың** туганына 75 жыл (1936)

23 қырқүйек – Галым-экономист, экономика ғылымдарының докторы, профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ-нің ректоры **Е.М. Арынның*** туганына 50 жыл (1961)

- 26 қыркүйек** – Облыстық «Қызыл Ту» газетінің аты «Сарыарқа самалы»* болып өзгергеніне 20 жыл (1991)
- 27 қыркүйек** – Жазушы С. Шәкібаевтің* тұганына 85 жыл (1926-1999)

ҚАЗАН

- 1 қазан** – Кітапханашы, ҚазКСР-нің еңбек сінірген кітапханашысы М.Н. Пахомованың тұганына 90 жыл (1921-2002)
- 1 қазан** – Педагог-балейтмейстер, доцент, ҚР театр қайраткерлері Одағының мүшесі, Ж.Н. Қапесовтың тұганына 65 жыл (1946)
- 1 қазан** – Павлодар технологиялық колледжінің (б. Экономикалық-есеп техникумының) құрылғанына 40 жыл (1971)
- 4 қазан** – Ақын, әдебиетші, сценарист, ҚР Еңбек сінірген қызметкері Б.М. Қанапияновтың тұганына 60 жыл (1951)
- 4 қазан** – Қ. Сұлтанов атындағы облыстық емхананың құрылғанына 65 жыл (1946)
- 10 қазан** – Режиссер, актер және драматург А.Қ. Қалиевтің* тұганына 80 жыл (1931-1991)
- 15 қазан** – Фалым – физиолог, биология ғылымының докторы Қ. Дүйсембиннің* тұганына 80 жыл (1931)
- 15 қазан** – Хирург – онколог, ҚазКСР-нің еңбек сінірген дәрігері А.А. Сүлейменовтың тұганына 95 жыл (1916 – 1998)
- 23 қазан** – Ермак поселкесінің (қ. Аксу) кала статусына ие болғанына 50 жыл (1961)
- 25 қазан** – Теоретик – музықатанушы, КСРО Композиторлар одағының мүшесі, өнертану кандидаты К.Т. Жұзбасовтың* тұганына 70 жыл (1941-1995)

ҚАРАША

- 2 қараша** – Филология ғылымдарының докторы, профессор, әдеби сыншы Қ.Ф. Жүсіповтың* тұганына 70 жыл (1941)
- 6 қараша** – Фалым, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ағарту саласының Құрметті қызметкері А.Қ. Арынғазиннің тұганына 50 жыл (1961)
- 11 қараша** – Суретші Қ.Қ. Баймұлдиннің* тұганына 65 жыл (1946)

14 қараша – Ғалым-механик, техника ғылымының докторы, профессор, КР ҮФА мүшесі-корреспонденті, Инженер Академиясының академигі **F. Ұәлиевтің*** туғанына 70 жыл (1941)

15 қараша – Үш дәрежелі Данқ орденінің толық ковалері, Павлодар қаласының Құрметті азаматы **П.В. Пешиннің*** туғанына 80 жыл (1926-2002)

19 қараша – Ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор **A.Қ. Қасымжановтың** туғанына 80 жыл (1931)

30 қараша – Кітапхана ісінің ардагері, С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың қазақ әдебиеттері бөлімі менде-рушісі **H.F. Шайкенованың*** туғанына 60 жыл (1951)

Қараша – Павлодар №1 қалалық аурухананың ашылғанына
55 жыл (1956)

ЖЕЛТОҚСАН

6 желтоқсан – Павлодар қаласында Қазақстанның алғашқы ғылыми-техникалық орталығының ашылғанына 40 жыл (1971)

11 желтоқсан – **Павлодар теміржол транспортты вокзалының** жұмыс қатарына қосылғанына 30 жыл (1981)

12 желтоқсан – Педагог, ҚазКСР-нің халық ағарту ісінің үздігі және Еңбек сіңірген мұғалімі **E.T. Қалдановтың** туғанына 100 жыл (1911-1992)

14 желтоқсан – Химия ғылымдарының докторы, профессор, КР ҮФА корреспондент-мүшесі **E.A. Бектұровтың** туғанына 80 жыл (1931)

15 желтоқсан – Ғалым, медицина ғылымдарының докторы, профессор **X.K. Сәтбаеваның** туғанына 90 жыл (1921)

16 желтоқсан – Ғалым-дәрігер, медицина ғылымдарының докторы **P.A. Сәтбаеваның** туғанына 95 жыл (1916-1986)

25 желтоқсан – Ғалым-химик, техника ғылымдарының докторы, ҚазКСР-нің Еңбек сіңірген ғылым қайраткері **A.B. Бектұровтың** туғанына 110 жыл (1901-1995)

АЙЫ МЕН КҮНІ БЕЛГІСІЗ КҮНДЕР ТІЗІМІ

Баянауыл ішкі округінің бас сұлтаны Қазанғап би Сатыбалды-ұлының туганына 240 жыл (1771)

Орыс саяхатшысы және натуралисті, Баянауыл флорасы мен Ертіс жайылымын зерттеуші ғалым Г.С. Карелиннің туганына 210 жыл (1801-1872)

Ақын-жырау және композитор Садуақас Шормановтың туганына 160 жыл (1851 – 1927)

Орыс ғалымы, ботаник, Ертіс жайылымы мен Баянауыл флорасын зеттеуші И.П. Кирилловтың туганына 190 жыл (1821-1842)

Халық композиторы, ақын-жырау Жарылғапберді Жұмабайұлының* туганына 160 жыл (1851-1914)

Коряков станицасының Павлодар қаласына айналғанына 150 жыл (1861)

Орыс ботанигі, географы, Ертіс жайылымын зерттеген ғалым С.И. Коржинскийдің туганына 150 жыл (1861-1900)

Ғалым-физик, Павлодар, Ямышево, Железинканың магниттік жерлерін зеттеуші Б.П. Вейнбергтің туганына 140 жыл (1871-1942)

Қазақ ағартушысы, филолог Ә.З. Сәтбаевтың* туганына 130 жыл (1881-1938)

Ақын-жырау Б. Меркемелиденовтың* туганына 120 жыл (1891-1963)

Ғалым-педагог Ш.Е. Элжановтың туганына 110 жыл (1901-1938)

Павлодар қалалық қоғамдық банкінің ашылғанына 100 жыл (1911)

Павлодар қ. орыс-қазақ училищесінің ашылғанына 100 жыл (1911)

Павлодар қазақ театрының алғашқы актрисасы Н.Б. Бекованың туганына 100 жыл (1911)

Екібастұз цинк зауытының жұмыс қатарына қосылғанына 95 жыл (1916)

Киноактриса, әнші және ақын Х. Әбугалиеваның туганына 85 жыл (1926)

Ғалым – геолог, геология-минерология ғылымдарының докторы М.Қ. Сәтбаеваның туганына 80 жыл (1931-2010)

Павлодар жиназ жасау фабрикасының жұмыс қатарына қосылғанына 40 жыл (1971)

Екібастұз сыра жасау зауытының ашылғанына 40 жыл (1971)

«Ертіс-Қарағанды» каналының жұмыс қатарына қосылғанына 40 жыл (1971)

Павлодар совхоз – техникумының күрылғанына 40 жыл (1971)

Павлодар картон-рубероид зауытында рубероид өндірісі жұмыс қатарына қосылғанына 35 жыл (1976)

Павлодар «Энергетик» санаторий-профилакторий жерінде минерал бұлағының ашылғанына 30 жыл (1981)

Павлодар транспорт және коммуникация колледжі (б. Павлодар темір жол транспорты техникумы) ашылғанына 30 жыл (1981)

Павлодар ғылыми – зерттеу ветеринарлық станциясының күрылғанына 30 жыл (1981)

«ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА 2011 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТИН ЖӘНЕ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕР» КҮНТІЗБЕГІНЕ БЕРЛІГЕН ҚЫСҚАША АНЫҚТАМАЛАР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

ҚАҢТАР

12 қантар

Өлкетанушы, Қазақстанның Құрметті
қоғам және мәдениет қайраткері
Э.Д. Соколкиннің туганына 75 жыл
(1936)

Эрнест Дмитриевич Соколкин Псков облысының Себеж қаласында туған. 1958 жылы армиядан кейін Павлодарға келіп, 1958-1967 жылдары қалалық радиоторабында жұмыс атқарды. 1967 жылы Томск университетінің тарих-филология факультетін сырттай бітіріп, тарих маманы бойынша жұмыс атқарды. 1967 жылдан бері облыстық Г.Н. Потанин атындағы тарих-өлкетану мұражайында жұмыс істеді. Алғашқы кезде аға қызметкер, кейін мұражай директоры қызметін атқарды. 1968 жылы бас кор сактау қызметкері, 1990-1994 жж. ғылым бойынша директор орынбасары, ал 1994 жылдан бері мұражай қорының бас қызметкері болды. Қазір зейнеткерлікте.

Э.Д. Соколкин 30 жылдан астам Павлодар өнірінің тарихын зерттеумен шұғылдануда. Зерттеу жұмысының арқасында осы өнірде болған тарихи оқиғалар, жергілікті атақты адамдар туралы көп материалдар жинастырылған. Соколкин өлкетану құжаттарын жинап сактаумен қатар, жергілікті мерзімді басылымдар беттерінде және Омск, Семей, Тула, Алматы және Москвада, «Нива», «Советский музей», «Земля и люди» жинақтарында басылды. Өлкетану мақалалары үшін облыстық журналистер одағының сыйлығы берілді.

Байланыс, білім беру салаларында және оқушылар сарайының мұражайларын ұйымдастыруда үлкен үлес қосты. Сонымен қатар Вс. Ивановтың, Д. Багаевтың, С. Торайғыровтың және т.б. мемориалдық тақталарын орналастыруда көп жұмыс жасады. «Павлодар» (1982), «Знакомьтесь, Павлодар», «Қаламыздың көшелері = Улицы нашего города» атты анықтамалардың құрастырушысы.

Қазіргі уақытта қала және облыстың атақты адамдарына арналған еңбектер жазуда.

Әдебиеттер:

Соколкин Э.Д. Біздің Павлодар. – Алматы: Қазақстан, 1982. – 93 б.

Соколкин Э.Д. Қаламыздың көшелері = Улицы нашего города. – Павлодар, 416 б. + CD

Исакаева М. Өлкетануға еңбек сініргендер: [С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханада жерлес өлкетанушыларға арналған көрсеткіш тұсауқесері болды] // Шаһар. – 2009. – 24 қыркүйек. – 6 б.

13 қантар

Әдебиетші, музыкatanушы, композитор,
профессор, КР Еңбек сінірген қайраткөрі
Н.Г. Шафердің туганына 80 жыл (1931)

Наум Григорьевич Шафер Бессарабия жерінде дүниеге келді. 1941 жылы отбасымен Қазақстанға жер аударған. Қазақ Мемлекеттік университетін тамамдаған. Осы жерде оқып жүрген кезінде Е. Брусиловскиймен тығыз байланыста болған. Ол оған музыкамен айналысуға кенес берді. Бірақ, Н.Г. Шафер әдебиетті таңдалап алды. Шығыс Қазақстан облысында, Целиноградта, Павлодар қалаларының мектептерінде сабак беріп, Павлодар пединститутында қызмет істейді. 1965 жылы Бруно Ясенскийдің шығармашылығы жайлы кандидаттық диссертациясын қорғады. «Русская гражданская поэзия за 100 лет» тақырыбына арналған докторлық жұмысқа дайындық кезеңінде «советтік мемлекет құрылышы туралы жала мәліметтерді таратқаны үшін» бір жарым жылға сотталды. Тек, 1989 жылы қайта есімі қайтарылды.

Көп жылдан бері Дунаевскийдің өмірі мен шығармашылығын зерттеумен шұғылдануда. 1988 жылы Москвада «Дунаевский сегодня» атты кітабы шықты. И. Дунаевскийдің екі томдық хаттарын алғашқы рет жариялаған. Көп жылдық терең қырлы жұмыс жасаудың қорытындысы болып «Исаак Дунаевский в гостях у Михаила Булгакова» атты грампластинкасының шығуы болды.

Зерттеу жұмыстарында М.Булгаковтың шығармашылығын наси-хаттау көп орын алады. Жазушының алғашқы рет «Петр Вели-кий» және «Рашель» драмалық шығармаларын жариялады.

Н. Шафер халықаралық Булгаков оқуларымен басқа да ғы-лыми конференциялардың міндепті қатысушысы болып келеді. Авторлық әндерді жинаушы және зерттеуші. «Кирпичики» (Қалалық орыс әндерінің 100 жылдық /1850-1950/ антологиясы) күй табағын шығарды. Қазір институт қабырғасында орыс әдебиетінен сабак береді. Жиырма мың шақты грампластиңкадан тұратын бүкіләлемдік мәні бар туынды фонотекасын жинастырган.

Әдебиеттер:

Аутуған А. Наум Шафер – 75 жаста: [Филологияғылымдарының кандидаты, профессор Н. Шафердің мерейтойына арналған салтанатты кеш өтті] // Сарыарқа самалы. – 2006. – 17 қаңтар. – 3 б.

Түгелбай Г. Фалымның өмірі мен шығармашылығына арналды: [Павлодар мемлекеттік педагогика институтында профессор Н. Шафердің өмірі мен шығармашылығына арналған биобиблио-графиялық көрсеткіш пен DVD дискісінің тұсауқесері болды] // Сарыарқа самалы. – 2008. – 19 қаңтар. – 8 б.

17 қаңтар

Әнші, ҚР Еңбек сіңірген мәдениет
қызметкері **Н. Әділбековтың** туғанына
65 жыл (1946)

Нұрбек Әділбеков 1946 жылы Алматы облысы Қабанбай ау-даны Жауынгер ауылында дүниеге келген. Мектепті бітірген кейін, 1967-1969 жылдары орта кәсіби техникалық училищеде оқыған. Үшбұлақ ауылында клуб менгерушісі болды. 1969-1975 жылдары ауылды жерлерде қоғамдық жұмыстар атқарған.

Н. Әділбеков 1975 жылы қазақ халық әртісі Ж. Елебековтың эстрада студиясына түсіп, 1976 жылы тамамдаған. 1976-1980 жылдарда Қабанбай ауданының мәдениет үйінде нұсқаушы болып қызмет атқарған. 1980 жылы Алматы облыстық филармониясы «Ал-

маты әндері» ансамблінде әнші болып орналасқан. 1983-1985 жылдары халық әртісі Н. Тілендиевтің «Отырар сазы» оркестріне әнші болып орналасқан. 1986 жылы Құрманғазы атындағы тәжірибелік музикалық аспап жасау шеберханасында жұмыс істеді.

2001 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде музикалық шеберханасының менгерушісі қызметін атқаруда. 2002 жылдың қазанында Қазақстан мәдениет қайраткері атағына ие болды.

АҚПАН

2 ақпан	Ғалым-филолог, филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Әбдіғалиеваның тұғанына 70 жыл (1941)
---------	---

Тілеулес Әбдіғалиева 1941 жылы 2 ақпанда Павлодар облысы Ақтөй ауданы Естай ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтының қазақ филологиясы факультетін бітірген. 1965-1967 жылдары жергілікті білім департаментінде және мектеп-интернатта жұмыс істеді, 1967 жылы облыстық педагогикалық мамандардың білім деңгейін көтеру институтының әдіскери.

1968-1971 жылдары Павлодар облысы бойынша жастар бөлімінің орынбасары және жастар бөлімі басшылығының насиҳатшысы болды. 1971-1975 жылдары Алматы қаласының Советтік аудандық комсомол комитетінің қызметкері болды. Ғалым 1975-1979 жылдары Абай атындағы Қазақ пединститутында аспирант, ал, 1985-1989 жж. аға ғылыми қызметкер болып, ІІ. Алтынсарин атындағы педагогика институтында білім менгерушісі қызметін аткарды.

Т. Әбдіғалиева 1989-2000 жж. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде дәріс оқушы, доцент, қазақ тілі кафедрасының профессоры. 2000 жылдан бастап Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық университетінің қазақ тілі кафедрасының профессоры.

Әдебиеттер:

Әбдіғалиева Т. Қазак есімдерінің тамырына бойлаған Телаған: [қазақ ономастикасының негізін салушы, ғалым Т.С. Жанұзақов туралы] / Тілеулес Әбдіғалиева, Бекжан Досжанов // Қазақ әдебиеті. – 2007. – 29 маусым – 5 шілде (№ 26). – 11 б.

6 ақпан

Драмалық актер, Қаз КСР-нің Еңбек сіңірген әртісі **И.Г. Чистяковтың** туғанына 85 жыл (1926-1995)

Иван Георгиевич Чистяков 1926 жылы Ертіс ауданы Грабово ауылында әскери отбасында туған. 1943 жылы Петропавловск қаласында орта мектепті бітірген. Ұлы Отан соғысының ардагері. Әскери міндестін өтеп жүргенде көркем өнерпаздықпен айналысты. Кавказ сыртқы әскери округында ән мен би ансамблінің солисі және концерттік жүргізу什і болды.

И. Чистяковтың өмірі А.П. Чехов атындағы облыстық драма театрымен тығыз байланысты. Алғашқы рет 1951 жылы Вадим Собконың «Все начинается сначала» пьесасы бойынша қойылған спектаклінде неміс коммунисті Кнопре рөлін ойнады.

1955 жылдың қыркүйек айынан бастап 1961 жылдың мамыр айына дейін И.Чистяков Абай атындағы Семей драма театрында актерлік қызыметте болды. Осы еңбегі үшін 1957 жылы «Тың жерлерді игеру үшін» медалімен марапатталып, ҚазКСР Жоғарғы Кенесі Президиумының және Республиканың мәдени министрлігінің грамоталарымен марапатталды.

1961 жылдың мамыр айынан Павлодар театрының сахнасына қайта оралды. 300-ден аса рөлде ойнаған актер. Оның репертуарында классикалық, қазіргі заман орыс және шетел драматургиясынан рөлдер болды. Ол комедиялық, әрі трагедиялық бейнелерді бірдей сомдай білді.

А. Островскийдің «Женитьба Белугина» (П.Г. Белугин), И. Штоктың «Ленинградский проспегін» (Скворец), К. Симоновтың «Русские люди» (капитан Сафонов), Н. Погодиннің «Третья патетическая», «Черные птицы» (Кумакин, Кормилицин), А. Арбу-

зовтың «Город на заре» (И.Жмельков), Г. Мұсреповтың «Қозы Корпеш – Баян сұлу» (Қарабай), М.О. Әуезов пен Л. Соболевтің «Абайында» (Айдар) және басқа спектаклдерінде ойнады.

Актердің шығармашылығы жоғары азаматтылықпен және ерекше дарындылығымен, үлкен сахналық мәдениетімен ерекшеленді. Оның серіктестері көрнекті өнер қайраткерлері, гастрольде болып, Павлодар театр сахнасында ойнағандар – Н. Мордвинов, И. Савин, В. Лановой, В. Соломин, И. Смоктуновский және т.б.

И. Чистяковқа республика театр өнерінің дамуына коскан үлесі және жоғары атқару кәсіпкерлігі үшін 1978 жылы «ҚазКСР Еңбек сінірген әртісі» құрмет атағы берілді. 1981 жылы Құрмет белгісі, 1986 жылы Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталды.

И. Чистяков 1995 жылы дүние салды. Ол тұрган үйде (Киров көшесі, 39 үй), 2003 жылы мемориал тақта орнатылған.

8 ақпан

Ғалым-филолог, профессор **Е. Өтебаевтың**
тұғанына 85 жыл (1926-1999)

Ермек Өтебайұлы Өтебаев 1926 жылы 8 ақпанда қазіргі Атырау (бұрынғы Гурьев) облысының Қызылқоға ауданында туып-өssкен. Қазақстан мен Орта Азияның әр аудандарында тұрган. 1941 жылы мұғалімдік қызмет атқарды. 1943 жылы С. Мұқановтың ұсынысымен Абай атындағы ҚазПИ-на түсті. Институттың филология және тарих факультеттерін бітірді. Жарты ғасырдан аса педагогика қызметімен айналысты. 1945 жылдан бастап Абай атындағы педагогика институты директорының орынбасарлығына дейін жоғарылаған.

Ғалым Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасын бітіргеннен кейін, ұстаздық өмірін ғылыми – зерттеу жұмысымен ұштастырады. Мол дарын иесі Гурьев және Павлодар педагогика институтында қызмет істеп жүре Алматыда бастаған ғылыми – зерттеу жұмыстарын тереңдете түседі. Оның қаламынан 300-ге жуық ғылыми макалалар жарық көрген. Әсіресе, білікті ғалымның тереңірек зерттеген еңбегі көрнекті жазушы, қоғам қайраткері Сабыр Шәріповтың шығармашылығы болатын.

1963 жылы «Сабыр Шәріповтың әдеби қоғамдық қызметі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Дарынды ғалымның осы еңбегі 1970 жылы «Қазақстан» баспасынан «Сәулетті болашақ үшін құрлескендер» сериясымен «Сабыр Шәріпов» деген атпен жеке кітап болып шықты.

Алаш ұранын көтерген, әдебиеттен өз орнын алған Сұлтанмахмұт Торайғыров жайындағы көпшілікке беймәлім тың деректі зерттеу макалаларын ерекше айтуға болады. 1993 жылы ғалым, ақынның тікелей ұйытқы болуымен арнайы әдеби сценарийін жазған. «Сұлтанмахмұт Торайғыров және әдеби дәстүрлер» тақырыбы бойынша докторлық диссертация жазды. Сұлтанмахмұттың бай мұрасын зерттеп, жаңа материалдармен толықтыруға сінірген еңбегі өте зор.

Е. Өтебаевтың жалпы әдебиет барысындағы зерттеулері С. Торайғыровтың, М. Әуезовтің, Ф. Мұсіреповтың, С. Мұқановтың Ж. Аймауытовтың шығармашылығына арналған. 1963 жылы кандидаттық диссертация қорғады. 1992 жылы профессорлық атақ берілді.

Ермек Өтебайұлының Павлодар өнірінде қалдырған әдеби – зерттеу еңбектері өте көп. Оның басшылығымен кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Әдебиеттер:

Өтебаев Е. Абайды оқытудың зәру материалдары // Абай және қазіргі мәдениет: аймақтық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары. – Павлодар, 1995. – 163-169 б.

Өтебаев Е. Сұлтанмахмұт // Сарыарқа самалы. – 1992. – 22 ақпан. – 3 б.

Еске алу // Сарыарқа самалы. – 2000.-14 қараша. – 12 б.

Ибадуллин Т. Ғалым, ұстаз, журналист // Қызыл ту. – 1986. – 6 ақпан. – 4 б.

Ибадуллин Т. Табиғи талант еді // Айдын. – 2004. – № 4. – 30 б.

Сыдықов Қ. Тәлімді ғұмыр // Егемен Қазақстан. – 1996. – 14 ақпан. – 4 б.

26 ақпан

Әнші, актер, драматург, профессор,
ҚазКСР – нің еңбек сіңірген халық әртісі,
К. Кенжетаевтың туғанына 95 жыл
(1916-2008)

Кәуken Кенжетаев 1916 жылы қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. 1936-1940 жылдары Москва консерваториясы жанындағы қазақ студиясында оқыды. 1950 жылы Алматы консерваториясының вокалдық факультетін бітірді.

1942-1946 жылдары Хабаровск шекарашибаптар ән-би ансамблінде қызмет етті. 1946 жылдан Алматы Опера және балет театрының әнші – солисі. 1958 жылы Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онқұндігіне қатысты. Ол Тарғын, Жалбыр, Бекежан, Семен (Е.Г. Брусиловскийдің «Ер Тарғын», «Жалбыр», «Қызы Жібекі» мен «Дударайында»), Жанбота (М. Төлебаевтың «Біржан-Сарасында»), Князь Игорь (А.П. Бородиннің «Князь Игорінде»), Руслан (М.И. Глинканың «Руслан мен Людмиласында»), Демон (А.Г. Рубинштейннің «Демонында»), Алеко (С.В. Рахманиновтың «Алекосында»), Эскамильо (Ж. Бизенің «Карменінде»), Аманкро (Д.Ж. Вердидің «Аидасында») т.б. партияларды орындал, әншілік, актерлік таланттының әр қырынан көрінді. Кенжетаев режиссер ретінде Брусиловскийдің «Ер Тарғын», «Жалбыр», «Қызы Жібек», «Амангелді», С. Мұхамеджановтың «Айсұлу», Е. Рахмадиевтің «Алпамыс», П.И. Чайковскийдің «Қорғаның мәткесі» т.б. операларды қойды.

К. Кенжетаев концерттік – орындаушылық өнерімен де танымал. Репертуарында қазақтың халық әндерімен қатар орыс, украин, татар, өзбек халықтарының әндері, сондай-ақ шетел классик композиторларының шығармалары (ариялар, романстар, әндер) бар.

1957 жылдан кинофильмдерге («Жерге қайта оралу», «Біздің сүйікті дәрігер», «Ән қанатында», «Тұлпардың ізімен», «Қызы Жібек», «Таудағы шынар», «Қызыл тас заставасы», «Гаунартас») түсケн. Гастрольдік сапармен ТМД елдерінің көптеген қалаларында, шетелдерде (Польша, Монголия, Румыния, Турция, Греция, Сирия, Ливан, Египет т.б.) болды. Еңбек Қызыл Ту орденімен марарапталған.

Кәуken Кенжетаев 1959 жылы ҚазКСР-нің халық әртісі атанады. 1953 жылдан ҚазКСР-нің еңбек сіңірген әртісі.

Әдебиеттер:

Кенжетаев К. Асылдар мен Ардақтылар: Естеліктер. – Алматы: Өнер, 2002. – 298 б.

Кенжетаев К. Кинорежиссер Мәжит Бегалин: Естелік. – Алматы: Өнер, 1994. – 112 б.

Кенжетаев К. «Олар жайлыш естелік ескірмейді...» // Пара-сат. – 1998. – № 4. – 32-33 б.

Кәүкен Кенжетаев: Театрда ажыраспаған екеуміз ғана шығармызы // Жас Алаш. – 2001. – 12 мамыр. – 5 б.

«Өмірде де, өнерде де жалғызырымның» // Қазақ әдебиеті. – 2003. – 10 қазан. – 4 – 5 б.

«Өнер адамды, адам өнерді жаңартады» // Егемен Қазақстан. – 2003. – 21 ақпан. – 3 б.

Жігітке жеті өнер де аз // Адабергенов Қ. Бір туар дара тұлғалар. – Павлодар, 2003. – 299 – 302 б.

Кенжетаев Кәүкен // Қазақ өнері: Энциклопедия. – Алматы, 2002. – 258 – 259 б.

Кенжетаев Кәүкен // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. 4 т. – Алматы, 1989. – 4 т. – 287 – 288 б.

«Тарлан» –2004: [Кәүкен Кенжетаев] // Жас Алаш. – 2004. – 20 қантар. – 4 б.

НАУРЫЗ

8 наурыз

Педагог, Соц.Еңбек Ері, ҚазКСР-нің
Еңбек сіңірген мұғалімі, педагогика
ғылымдарының кандидаты
Р.Б. Нұртазинаның туғанына 90 жыл
(1921)

Рафика Бекенқызы Нұртазина 1921 жылы Павлодар облысы Павлодар ауданы «Энергетический» поселкесінде дүниеге келген. 1951 жылы ЖенПИ-ді бітіріп, 1951-1970 жылдары мұғалімдік қызмет атқарып, кластан және мектептен тыс жұмыстарды атқарды. 1970 жылдан 1985 жылға дейін мектеп директоры, кейін Алматы қаласының № 12 орта мектебінің мұғалімдік қызметін атқарды.

Р.Б. Нұртазина КСРО Ағарту Министрлігінің ғылыми-әдістемелік кеңесінің мүшесі. Қөптеген ғылыми – әдістемелік еңбектердің авторы. 1968 жылы Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды.

Әдебиеттер:

Нұртазина Р. Мирастың кітабы – Книга Мираса: Мектеп жа-сына арналған. – Алматы, 1998. – 240 б.

Нұртазина Р.Б. Мен оқымын, ойнаймын, ойлаймын. – Павло-дар, 2004. – 120 б.

Нұртазина Р. Тілашар : 3 – 4 жастағы балаларға арналған қазақ тілін жедел үйрету курсы. – Астана, 2007. – 104 б.

* * *

Нұртазина Рафика // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. – 4 т. – Алматы, 1988. – 3 т. – 396-397 б.

Айғалиұлы Е. Қызыл империя жұта алмаған қазақ мектебі // Ана тілі. – 2003. – 14 ақпан. – 4 б.

Есали А. Тұзу ағаштың көлеңкесі қисық болмайды: [Социалистік Еңбек Ері, Қазақстанның еңбек сінірген мұғалімі Рафика Нұртазинаның 85 жылдық мерейтойын атап өтті] / Айнаш Есали // Егemen Қазақстан. – 2006. – 17 наурыз. – 8 б.

10 наурыз

КР Еңбек сінірген мәдениет
қызметкері, актер **А.Н. Михайчевтің**
тұғанына 80 жыл (1931-2007)

Анатолий Николаевич Михайчев 1931 жылы 11 наурызда Томск қаласында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін театр студиясына түсті. 1948 жылы Томск театр студиясын бітірген соң еңбек жолын актер болып бастаған. 1965-1970 жылдары Жамбыл атындағы Өскемен драма театрының директоры болып қызмет атқарды.

Бұрынғы одақ кезіндегі Днепропетровск, Астрахань, Рязань театрларында жұмыс істеп, кейінірек Өскемен театрының директоры болды. Ворошиловградта орыс және украин театрларында директорлық қызмет атқарды.

1970-1983 жылдар аралығында А.Н. Михайчев А.П. Чехов атындағы Павлодар облыстық драма театрының директоры болды, 1983 жылдан осы театрда актер болып жұмыс жасады.

Көптеген әр-алуан рөльдерді ойнады: Сагадиевті (А. Абдуллиннің «Он үшінші председателінде»), Савельевті (К. Симоновтың «Осылай болады»), граф Шабельскийді (А.П. Чеховтың «Ивановы»), Прохор Громовты (В. Шишковтың «Угрюм-рекасында») т.б. ойнады.

К. Симоновтың, Е. Евтушенконың, А. Рыбаковтың шығармалары бойынша әдеби моно-композиция серияларын жасады. Өндіріс ұйымдарында, оқу орындарында, мектептердегі болып тұратын шығармашылық кездесулерге көп қоңыл бөлген.

КСРО театр қызметкерлері одағы Павлодар бөлімшесінің председателі, ҚазКСР театр қызметкерлерінің басқарма мүшесі болды. Қазақ КСР Жоғары Кенесі Президиумының 1980 жылы 4 желтоқсандағы Жарлығымен А.Н. Михайчевке театр өнерін дамытуға қосқан үлесі үшін «Қазақ КСР-нің еңбек сінірген мәдениет қызметкери» Құрметті атағы берілді.

А.Н. Михайчев өзінің жаңында адамдарды біріктіре білген білікті басшы болды. Ол кәсіби шеберлігімен, үлкен еңбекқорлығымен және төзімділігімен дараланды.

Әдебиеттер:

Михайчев Анатолий Николаевич: Некролог: [Өнер қайраткері, Қазақ КСР – нің еңбек сінірген мәдениет қызметкери] // Сарыарқа самалы. – 2007. – 9 қаңтар. – 7 б.

Наурыз

**Ертіс аудандық балалар
кітапханасының
ашылғанына 60 жыл (1951)**

Ертіс балалар кітапханасы 1951 жылдың наурыз айында ашылды. Кітапхана ғимараты Герцен көшесінде орналасқан. Бұл кішкентай ғана жер үй болатын. Жер үй 2 бөлме мен дәлізден құралған. Бір бөлмесі абонемент болса, екінші бөлме оқырман залы болды. Кітаптар қоры 1000 данадан тұрды.

2008 жылы 1 мамырда Ертіс ауыл балалар кітапханасы жаңа ғимаратқа көшті. Кітапхананың ашылуына еңбек ұжымдары, ауыл қонақтары мен біздің жас оқырмандар қатысты. Жаңа ғимаратқа көшкеннен кейін кітапхана өзінің келбетін ауыстырыды, дәстүрлі әдістермен қоса кітапханада жаңа технологиялар енгізілді. Автоматтандырылған жұмыс орындары пайда болды. Интернет жүйесіне қатынау мүмкіндігі жоғарлана басталды. Осының арқасында кітапхана жұмысы жақсарып, жаңа жұмыс формалары пайда болды. Оқырмандар қызығушылық көрсетіп, олардың саны көбеюде.

СӘУІР

17 сәуір

Ғалым-филолог, филология

ғылыминың докторы

Б. Шалабаевтың тұғанына 100 жыл
(1911-1990)

Белгібай Шалабаев 1911 жылы 14 сәуірде Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. Ол 1933 жылы Абай атындағы қазақ педагогика институтының Тіл және әдебиет факультетін, 1937 жылы Ленинград мемлекеттік университетінің аспирантурасын бітірген. 1937-1938 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы, әрі қазақ педагогика институтында оқытушы қызметтерінде болған.

1944 жылы «С. Торайғыров творчествосы қазақ романының тарихында» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, 1970 жылы «Қазақ прозасының тарихы (сюжет және характер)» деген тақырыпта докторлық диссертация корғаған. 1944 жылы ҚазПИ-ның тарих-филология факультетінің деканы, қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, 1949-1951 жылдары ҚазМУ-нің филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасының менгерушісі, 1951-1973 жылдары доцент, 1973-1980 жылдар аралығында профессор, 1980 жылы кафедраның кеңесші профессоры. «Қызыл Жұлдыз» орденімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен, медальдармен марапатталған. Қазақ КСР-нің еңбек сінірген мұғалімі.

1990 жылы «Жазушы» баспасынан Б. Шалабаевтың ұзак жылдар еңбегінің қорытындысы ретіндегі «Қазақ романының тууы мен қалыптасуы» атты кітабы жарық көрді. Бұл монография 1917 жылғы тәңкеріске дейінгі және одан кейінгі кезеңдердегі қазақ прозасының үздік шығармаларындағы сюжет пен мінездердің өзара қатысын көрсетеді.

Ғылыми-зерттеу еңбектері негізінен әдебиет тарихы мәселе-леріне арналған. «Қазақ совет әдебиеті тарихы» (3т., 1948, 1960), «Қазақ совет әдебиеті тарихының очерктері» (1949) авторларының бірі. Шалабаевтың «Жекпе-жек» повесі, (1936), «Өмірде не болмайды» (1961) әңгімелер мен фельетондар жинағы 1961 жылы жарық көрді. В.Г. Короленконың «Тілсіз» повесін, М. Горькийдің «Жастар мен балалар туралы» мақалалар жинағын, В.Г. Белинскийдің таңдамалы шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Әдебиеттер:

Шалабаев Б. Көркем әдебиет тілі және оны мектепте оқыту / Б. Шалабаев. – Алматы: Жазушы, 1982. – 87 б.

Шалабаев Б. Көркем проза тілі: Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқу құралы / Б. Шалабаев. – Алматы: Білім, 1994. – 128 б.

Шалабаев Б. Қазақ романының тууы мен қалыптасуы / Б. Шалабаев. – Алматы: Жазушы, 1990. – 312 б.

Шалабаев Б. Өмірде не болмайды: Повесть. – Алматы, 1961 – 191 б.

* * *

Қазақ әдебиеттану ғылымының майталманы // Алдабергенов Қ. Бір туар дара тұлғалар. – Павлодар, 2003. – 99-101 б.

Шалабаев Белгібай // Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1999. – 679 б.

Шалабаев Белгібай // Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005. – 542 б.

Шалабаев Белгібай // Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 1999. – 679 б.

Шалабаев Белгібай // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. 4 т. – Алматы, 1988. – 3 т. – 572-573 б.

Шалабаев Белгібай // Советтік Қазақстан жазушылары: Био-библиографиялық анықтамалық. – Алматы, 1987. – 681-682 б.

17 сәуір Ғалым-биохимик, биология
ғылымдарының докторы
И.А. Будчановтың туғанына 95 жыл
(1916-1985)

Иван Артемьевич Будчанов 1916 жылы Павлодар қаласында туған. 1941 жылы Днепропетровск мемлекеттік университетін бітірген. Соғыс жылдары майдан армиясында қан құю лаборатория станциясының үйымдастыру қызметінде болып, 1945-1949 жылдары Ивано-Франковск мединституты биохимия кафедрасының доценті, 1949-1950 жылдары Одесса ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері болып жұмыс атқарды.

1950-1958 жылдары Одесса мединституты биохимия кафедрасының асистенті және Трускавец курортын басқару химия лабораториясының менгерушісі. 1958 жылы Қазақстанда Ақтөбе мединститутының биохимия кафедрасының менгерушісі, сабак беру қызметінде болды.

Негізгі ғылыми еңбектері курортология мәселелеріне арналған. Батыс Қазақстанда табиғи емдік факторлар іздестіріп, оларды зерттеді. 2-дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Будчанов Иван Артемьевич // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. 4 т. – Алматы, 1988. – 3 т. – 146 б.

Будчанов Иван Артемьевич // Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. Көп томдық. – Алматы, 2009. – 1 т. – 273 б.

18 сәуір Жазушы, журналист және педагог
З. Ақышевтың туғанына 100 жыл
(1911-1991)

Зейтін Ақышев 1911 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. 1936 жылы Омбы жұмысшы факультетін бітіріп,

кейін 1938 жылы Семей пединститутының физика-математика факультетін тамамдаған. 1938-1952 жылдары Баянауыл мектебінде математика пәнінен дәріс беріп, кейін мектеп директоры болды. Аудандық оку бөлімінің менгерушісі және Павлодар педучилищесінде сабак беріп, аудандық оку бөлімінің менгерушісі болып қызмет атқарды. Ұлы Отан соғысы жылдары Павлодар облысы оку бөлімінің (облоно) менгеруші қызметінде жүріп, Павлодар облыстық тарихи – өлкетану мұражайының ашылуына үлкен көмек көрсетіп, мүмкіндіктер жасады.

3. Ақышев 1952-1966 жылдары «Мектеп» баспасында редактор, редакция менгерушісі, бас редактор болды. 1955-1960 жж. «Қазақстан мұғалімі» газетінде редактор. 1966-1969 жж. ҚазКСР Министрлер Кеңесінің «Қазақ КСР үкіметінің қаулылар жинағы» редакциясында аудармашы-редактор болды. 1969-1976 жж. Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясында аға ғылыми редактор болып қызмет жасады.

Алғашқы өлеңдері, очерктері, әңгімелері 1930 жылы жарияланған бастады. Тұңғыш очерктер жинағы «Біздің шамшырақтар» 1962 жылы жарық көрді. «Достарым менің» атты әңгімелер жинағы (1967), Ертіс өнірі еңбекшілерінің Совет үкіметін орнату жолындағы күресін суреттейтін «Ақбел асуы» (1976), белгілі ақын, әнші, композиторлар Жаяу Мұса мен Иманжүсіптің өмірін суреттеген «Жаяу Мұса» (1978), «Шынардың шыбығы» (1987) роман-дaryның, сондай-ақ, «Жаяу-Мұса», «Келіндер», «Құтылмайды ол» пьесаларының авторы. Жекелеген туындылары орыс тіліне аударылған. В.Ф. Панованаң «Кружилиха» (1950), А.И. Куприннің «Жекпе-жек» (1954), Я. Коластың «Талаш атай» (1956) т.б. романдарын қазақ тіліне аударған.

3. Ақышев «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Әдебиеттер:

Ақышев З. Ақбел асуы: Роман. – Алматы, 1971. – 238 б.

Ақышев З. Жесірлер: Роман. – Алматы, 1973. – 200 б.

Ақышев З. Телқоңыр: Деректі повестер/З. Ақышев, М. Тоқжігітов. – Алматы: Өнер, 1986. – 176 б.

Ақышев З. Асыл азамат: [Тарих ғалымдарының докторы, профессор Е.Бекмахановтың тұғанына 90 жыл] / Зейтін Ақышев // Сарыарқа самалы. – 2005. – 3 ақпан. – 4 б.

* * *

Ақышев Зейтін// Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005. – 32 б.

Ақышев Зейтін // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. 4т. – Алматы, 1989. – 4 т. – 110 б.

Ақышев Зейтін // Қазақстан жазушылары: Анықтамалық / құраст.: К. Саят, К. Жұмашева. – Алматы, 2009. – 23 б.

Ақышев Зейтін // Қазақстан жазушылары XX ғасыр: Анықтамалық. – Алматы, 2004. – 22 б.

Ақышев Зейтін // Советтік Қазақстан жазушылары: Биобиблиограф. анықтамалық. – Алматы, 1987. – 19 – 20 б.

Әбен Қ. Қаламгер келбеті (Жазушы Зейтін Ақышевтің тұғанына 95 жыл толуына орай) / Қайрат Әбен // Сарыарқа самалы. – 2006. – 13 сәуір. – 16 б.

Қарымсақова Б. Сазгер, әнші-акын Жаяу Мұса: [Зейтін Ақышевтың «Жаяу Мұса» романы жайлы] / Бақтығұл Қарымсақова // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2007. – №11. – 119 б.

Ойы терен, қаламы қарымды жазушы // Алдабергенов Қ. Бір туар дара тұлғалар. – Павлодар, 2003. – 213-219 б.

МАМЫР

1 мамыр

Композитор **М. Ермекбайұлының**
тұғанына 65 жыл (1946)

Мейрам Ермекбайұлы 1946 жылы Павлодар облысы Қашыр ауданы Қызылтаң ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітірісімен Октябрьдің 25 жылдық ауылында (қ. Әуелбек ауылы) сегіз жылдық мектепте ән-күйден сабак беріп, мұғалімдік қызмет жасаған. 1969 жылы әскерге шақырылды. 1968 жылдан 1970 жылға дейін Алматының Киров атындағы машина жасау зауытында жұмыс істеген.

1973 жылы Шымкенттің әл-Фараби атындағы мәдени – агарту институтын үздік бітірді. 1977-1980 жылдары Ақсу қаласындағы «Металлург» мәдениет сарайының директорлық қызметін атқарды. 1980-1989 жылдары Кенжекөл селосындағы Павлодар аудандық мәдениет үйінің директоры. 1989-1994 жылдары Кенжекөл музыка мектебінің оқытушысы болды.

М. Ермекбайұлы сексенінші жылдары «Қарлығаш» ән-би ансамблін үйімдастырды. 1994 жылы Павлодар педагогикалық институтында қызмет істеп жүріп, қазак ұлттық аспаптар оркестрін құрды. Оның «Ағайын», «Астана», «Ән саған арнадым», «Той жыры», «Қосылама басымыз», «Аңсадым әке», «Сағыныш», «Орта жас», «Кешір жан досым», «Студенттік күндер-ай», «Балдәурен», «Армансыз адам болмайды», «Мен ауылға барамын», «Жалт еткен бейне», «Ана жүргі», «Басымның өткен бағымдай», «Жарқыраған алмастай» өлеңдері бар.

М. Ермекбайұлының баспадан шыққан кәсіби халық емшісі-қасиетті Үміт Сұбатыловаға арнаған «Апа» атты кітабы, «Өнерім-өнерім» монографиясы, «Күй маржаны» күйлер жинағы, «Домбыраға арналған женіл күйлер, пьесалар мен этюдтар» атты хрестоматиясы бар.

М. Ермекбаев істеген еңбектері үшін көптеген Құрмет наградалары мен мақтау қағаздарымен марапатталған.

Әдебиеттер:

Ермекбайұлы М. Әкімсұймақ (Шымшыма) // Ана тілі. – 2004. – 15 қантар

Ермекбайұлы М. Жалғыз аяқ....: Өлең // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 16 – 22 сәуір

Ермекбайұлы М. Туган ел / Сөзі: К. Әміржанұлынікі // Сарыарқа самалы. – 2004. – 7 тамыз

Мейрам Ермекбаев // Арқаның сырлы саздары: Ән-күйлер жинағы. – 1 бөлім. – Павлодар, 1996. – 40 б.

Ермекбайұлы М. Ұлылықтың қос қанаты // Сарыарқа самалы. – 2004. – 7 тамыз

Дәуренбек М. Мейрамның өмір өрнектері // Сарыарқа самалы. – 1996. – 11 мамыр. – 4 б.

Жұматов Ф. Өнерге қанат берген // Қызыл Ту. – 1986. – 22 қантар. – 4 б.

**С. Торайғыров атындағы облыстық
кітапхананың құрылғанына 115 жыл
(1896)**

Павлодар облыстық кітапхана XIX ғасырдың аяғында пайда болды. Ол кезде Павлодар – уездік орталық ретінде, Семей губерниясының құрамында болған. Павлодардың дамуына 100 адамнан тұратын купечество үлкен роль атқарды.

Қалада алғашқы мәдени орталық 1892 жылы ашылған қоғамдық кітапхана болды. Кітапхана 1-ші гильдиялық көпес А.И. Деровтың және басқа жергілікті меценаттардың қаражаттарынан құрылды. Қорды жасау және оны қалыптастыру үшін қайырымдылық кештерінде көп қаражат жинақталған.

Кітапхана № 3 Мещанский көлденең көшеде (қ. М. Исиалиев көшесі) «Дворян жиналышы» ғимаратында орналасты. 1896 жылдан Уездік кітапхана деп аталып, сол уақыттан бастап облыстық кітапхана мерейтойы аталуда. 1925 жылдың басында Павлодар уezінде 92 мәдени ошақ жұмыс істеді, оның ішінде: Уездік орталық кітапхана, 6 аудан кітапханалары (Екібастұзда, Баянауыл, Песчан болысы Федоровка поселкесі, Володар болысы Вознесенка поселкесі, Иртышскі және Алексеевкада), 64 оку-үйі, 1 кинотеатр, 3 клуб, 16 халық үйі, 1 театр жұмыс істеді.

Жылдың соңында 300-ге жуық мәдени – саяси ағарту мекемелері, оның ішінде қызыл бұрыштар, көшпелі кітапханалар және т. б. кірді. Оқу-үйлерін ұйымдастыру көшпілік сипатқа ие болып, саны 114 дейін барды. Ол кезде уездік кітапхананың кітап қоры 5475 дананы құрды. Қалалық бюджет кітапхананы жаңа кітаппен қамтамасыз етуге шамасы келмеді. Бірақ «оқу-тәрбие жұмысы» шығыс статьясы бойынша жыл сайын мерзімді басылымдарға 100 руб. ақша белініп отырды.

Ұлы Отан соғысы кезеңінде Павлодар облыстық кітапхана қыын тағдырды басынан кешті. Кітапхана бірнеше рет көшіп, аяз қыста отынсыз болды. Қыын жағдайларда жұмыс жасауға мәжбүр болды. Соғыс уақытында алғаш рет газет папкалары, журнал мақалаларының картотекасы жасалып, кітапханашылар жергілікті тұрғындарды майдан мен тылда болып жатқан ақпаратпен тез уақытта таныстыру мүмкіндігі тудырылды.

Жетпісінші жылдары кітапхананың даму кезеңдерінің бірі – Орталықтандыру (централизация) болды. Оның іске асыру үшін халық депутаттары Павлодар облыстық Кенесінің сессиясында 1975 жылы 24 маусымда арнаулы жоспар қабылдады. Осы жоспарды іске асыру барысында 1975 жылы облыста 514 көпшілік кітапхананың басы қосылып, 14 орталықтанған кітапхана жүйесін (ОКЖ) құрды.

Сол жылдары облыстық кітапханада халық мәдениеті университеті ашылып, оқырмандардың назарынан шықты. 1976 жылы халықтық мәдениет университетін ұйымдастырган үшін кітапхана КСРО Мәдениет министрлігінің дипломымен марапатталды. Осы жылдары басталған жергілікті Қарулы қүштермен кітапхананың мәдени байланысы он жылдай үзілмей, тығыз байланыста болды. 1981 жылы облыстық кітапхана осы инициативасы үшін «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

1988 жылы ҚазКСР Мәдениет министрлігінің бұйрығына сәйкес Павлодардың облыстық кітапханалары біріктіру тәжірибе сатысына кірді. Бұрын өздері же жұмыс жасаған жасөспірім және балалар кітапханалары облыстық әмбебап кітапхана құрамына кірді. Абонемент кафедрасында жасөспірімдерге қызмет көрсету ұйымдастырылып, балалар бөліміне же жеке ғимарат (бұрынғы облыстық кітапхананың бас корпусы) бөлінді.

1996 жылы облыстық кітапхананың 100 жылдық мерейтой қарсаңына байланысты же ғимаратқа көшіп, сол жылы кітапханага С.Торайғыров есімі берілді.

1998 жылы кітапхана Қазақстанның Кітапхана Ассоциациясының мүшесі болды. 2003 жылы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігінің шешімімен Павлодар қаласы – Кітапханалық астана болып тағайындалды. Ал облыстық кітапхана республикалық конференция өтетін жер болып шешілді.

2004 жылы «Ауыл кітапханасы» облыстық бағдарламасы бекітілді. Осы бағдарламаның арқасында ауыл кітапханалары жағдайы жақсарып, бағдарлама жоспары жүзеге асырылды.

XXI ғасырдың ақпараттық, білім берушілік және мәдени кешенімен отандық ағартушылықтың ең мықты дәстүрлерімен тіркесіп, С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана уақытқа үйлесімді прогресті және үндесті болып дамуда. Рухани өмірдің мекені және

білім қазынасы болып, облыстың және қала тұрғындарының сүйікті орны болып келеді. Шығармашылық кездесулер, әдеби және көркемдік акциялар, кітапханалық клубтарда жүздесулер – бұл жастар арасындағы көпшілік мәдениеттің тараптына бет бұру болды. Бұгінгі таңда облыстық кітапхана облыс орталығының және Павлодар Ертіс өнірі тұрғындарының кітапханалық қызметтің көрсету саласындағы көпшілік мойындаған аймақтың көшбасшысы болып саналады. 30 мыңдан астам адамдар жыл сайын сапалы кітапханалық қызметтің және ақпаратқа біркелкі қатынауды, ал, ауылдық және қалалық кітапханалар – корпоративті қолдаушылық, әдістемелік көмек, және жан-жақты сүйемелдеу алуда.

Колайлы кітапханалық – ақпараттық орта, берілетін қызметтің кешендейтік мінезі және оқырмандарға дифференциалды жақындау әлеуметтік мағыналы институт ретінде білдіріп, кітапхананың ынғайын бекітеді. Пайдаланушыларға дәстүрлі және электронды жағдайда қызмет көрсетіледі.

2009 жылы облыстық кітапхананың қызметі ҚР Президентінің «Қазақстан – 2030: барлық қазақстандықтардың өсіп-еркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы», «Дағдарыстан да-муға» жолдауындағы, 2007-2009 жылдары ақпараттық тенсіздікі төмендету мемлекеттік бағдарламасындағы және «Павлодар облысының 2010 жылға дейінгі даму стратегиялық жоспарындағы» мәселелерді шешуге бет алып, әлеуметтік экономикалық дамуының, облыстық бағдарламалардың жүзеге асуына бағытталды.

ҚР Президенті Н.А. Назарбаев модернизацияны экономика мен әлеумет саласының жаңа шекараларға шығуының негізгі түйіні ретінде белгіледі. Қоғамда кітапханалар миссиясының жаңа түсінігі – қоғамды дамытуға керекті, модернизация процесін нақты жүргізетін мекеме ретінде санауға қоғамды мәжбур етті. Сондықтан, қазіргі кезде облыста кітапханалық қызметтің дамуы мәдениет, білім беру, ағарту, ұлтаралық қатынастың ақпараттық орталығы ретінде көпшілік кітапханалар жүйесінің «2007-2009 жж. Павлодар облысының кітапханалық саласының модернизациясы» бағдарламасына сәйкес болып келеді. Қазіргі уақытта облыста 58 модельді ауыл кітапханалары жұмыс істейді.

С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана – оқырмандардың ақпаратқа деген еркін қол жеткізу, мәдени мұра мен ұлттық

ескерткішін жинақтаушы және сақтаушы, өзінше оку және білім алушы, әлемдік кітапханалық процесіне қатысуши ретінде ел мен облыс саясатының әлеуметтік-экономикалық маңсатын жүзеге асырады. Бұгінгі кітапхана – ең демократиялық институт, ол адамдарға ақысыз ақпарат береді, соның ішінде қоғамда мәртебесін бекітетін қажетті ақпарат енеді, олар қоғамды демократияландыру мен адамгершілік қалпына ықпалын тигізетін мәдениетті құру міндегі бағдарламалар мен жобалар арқылы өткізеді.

Әдебиеттер:

Облыстық әмбебап ғылыми кітапханалары: Жинақ / Қазақстан респ. ұлттық кітапханасы. – Ғылыми әдіstemелік бөлім. – Алматы, 1993. – 153 б.

С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана: Жол көрсеткіші / құраст. Д.А. Шакаримова, Н.Г. Шайкенова; ред. М.А. Жиенбаева. – Павлодар, 2003. – 20 б.

* * *

Абайдың «Қара сөздері» оқылады: [«Бір ел-бір кітап» акциясы жарияланды] / С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана // Сарыарқа самалы. – 2007. – 24 шілде. – 8 б.

Арқадағы алтын ордадан аттанған керуенниң келесі аялдамасы – Павлодар: [«Астанаға кітапханалық отшашу» автошеруі тура-лы] // Кітапхана. – 2008. – № 3. – 50 – 53 б.

Аяғанов М. «Астанаға кітапханалық от шашу»: [Астананың 10 жылдығы қарсаңында] / Мұрат Аяғанов // Сарыарқа самалы. – 2008. – 26 маусым. – 3 б.

Әубекірова Ш. «Қылыш заманды» оқыдының ба? (Елімізде «Бір ел – бір кітап» акциясы өтуде) / Шолпан Әубекірова // Сарыарқа самалы. – 2008. – 27 қыркүйек. – 1 б.

Жанымбет Б. Әкім кітапханага көмектеседі // Егемен Қазақстан. – 1999. – 8 қыркүйек. – 4 б.

Жұматов Ғ. Әдебиет ойыншыққа айналып кетті: [С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханада И. Байзаков атындағы облыстық әдебиетшілер бірлестігінің ұйымдастырумен жазушылар мен әдебиет сүйер қауым қатысқан жиын болып өтті] / Фалымбек Жұматов // Айдан. – 2005. – №1. – 92-96 б.

Кітап білім бұлағы // Сарыарқа самалы. – 2000. – 8 ақпан. – 1 б.

Кітаптар кең үйге көшті // Ақиқат. – 1997. – № 3. – 13 б.

Майя Жиенбаева: «Кітап – адам жаңын тазартып, санасына сәуле түсіреді»: [С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың директоры, «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкери» М. Жиенбаевамен сұхбат] / Әңг. Б. Баймұратұлы // Сарыарқа самалы. – 2009. – 5 наурыз. – 4-5 б.

Молдайып С. Кітапхана ісіндегі маңызды мәселелер: [«Шаңырақ» халық шығармашылығы және мәдени-сауық орталығында «Кітапхана – елдің бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық дамуының ресурстық орталығы» атты республикалық семинар болды] / Сая Молдайып // Сарыарқа самалы. – 2006. – 25 қараша. – 2 б.

Нұрсейіт М. Кітап әлемі: [С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана қызметі жайлы] / М. Нұрсейіт // Сарыарқа самалы. – 2003. – 6 мамыр. – 12 б.

Облыстық кітапханаға – бір ғасыр // Сарыарқа самалы. – 1996. – 20 тамыз

Шайкенова Н. «Сорос-Қазақстан» коры кітапханаға қамқоршы // Сарыарқа самалы. – 1999. – 12 б.

Шайкенова Н. Рухани құтхана (С. Торайғыров атындағы кітапхананың 100 жылдығына) / Назым Шайкенова // Сарыарқа самалы. – 1997. – 18 ақпан. – 4 б.

25 мамыр

КР Еңбек сіңірген қызметкери,
С. Торайғыров атындағы облыстық
кітапхананың директоры
М.Ә. Жиенбаеваның туғанына
55 жыл (1956)

Майя Әбдірахманқызы Жиенбаева 1956 жылы 25 мамырда Павлодар қаласында туған. Орта мектепті бітіргеннен кейін Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогика институтының кітапхана факультетіне түсken. 1977 жылы институтты бітіріп, Павлодар облысы Ермак (Ақсу) қаласы аудандық орталық кітапханада жұмыс істеді. 1979 жылы облыстық кітапханада библиограф – әдіскер, кітап қорын толықтыру бөлімінің менгерушісі қызметтерін атқарды.

1985 жылы Облыстық кітапхананың директоры болып тағайындалды. 1988 жылы оның басшылығымен үш облыстық кітапхана (әмбебап, жасөспірім және балалар) бірігіп, облыстық біріккен әмбебап ғылыми кітапхана статусына ие болды.

М.Ә. Жиенбаева үш халықаралық Москва (1995), Стамбул (1997), Милан (2009) қалаларында өткен кітапханалық ИФЛА форумына, үш республикалық (Қарағанды (2001), Орал (2002), Өскемен (2004) қалаларында өткен кітапханалық конференцияларга қатысты. Ульяновск, Ижевск, Вильнюс, Алматы, Бішкек қалаларында өткен кітапхана ісінің даму мәселелеріне арналған семинарларға қатысты. ҚР Кітапханалық Ассоциациясының мүшесі. Облыстық қоғамдық өміріне белсене қатысада.

М.Ә. Жиенбаева республикада болған жаңа бастамалардың басында болды. Облыс кітапханаларында еңбек үйымдастырудың бригадалық түрлері іске асырылды, НТИ бөлмелері, сайыс, өлкетану клубтары құрылып, кітапханашы күні, «Дублер жұмалығы» және мамандармен басқа жұмыстар өткізіліп отырды. Сонымен қатар, облыстық кітапханада жүзеге асырылып жатқан көптеген басқа да бағдарламалар мен жобалардың бастамашысы. Олар, «Кітапхана және өлкетану», «Экология және өмір», «Кітапхана – жаңа технологиялар», «Кітапхана – мәдениет орталығы», «Шаңырақ», «Жанашыр» және т.б. «Жанашыр» жобасы әлеуметтік қорғалмаған тұрғындарды кітапханалық – ақпараттық қызметпен қамтамасыз ететін бірнеше бағдарламадан тұрды.

М. Жиенбаеваның басшылығымен 1993 жылы республикада алдыңғы қатарлылардың бірі болып кітапханалық жұмысты автоматтандыру, электронды каталог енгізу жұмыстары істелді. 1997-1999 жылдары «Сорос-Қазақстан» және «Ашық қоғам» Институтының (2) гранттарына ие болды. Осының арқасында кітапхана оқырмандарға жоғары деңгейдегі, жаңа ақпараттық технологиялар – электронды пошта және Интернет арқылы қызмет көрсету мүмкіндігі пайда болды. Қазақстанның моделді кітапханасы аттына ие болды.

Облыстық кітапхана 2004-2006 жылдарға арналған облыстық «Ауыл кітапханасы» бағдарламасын жүзеге асыруда көп жұмыс жасады. Осы бағдарламаға сәйкес жоспарланған ауылды жерлерде 60-тан аса кітапхана ашылды. Бағдарламаның негізгі бір бағы-

ты – ауыл кітапханаларын компьютерлендіру процесі және агрономдік комплекті (АПК) ақпараттық қамтамасыздандыру болды.

КСРО Мәдениет Министрлігінің «За отличную работу» белгісімен, алғыс хаттармен, Мәдениет министрлігінің, облыс басқармасының грамоталарымен марапатталған. 1998 жылы Қазақстан Республикасының Еңбек сінірген қызметкері, 2003 жылы «Үздік кітапханашы» атақтарына ие болды.

Әдебиеттер:

Баймұратұлы Б. Майя Жиенбаева : «Кітап – адам жанын та зартып, санасына сәүле түсіреді»: [С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың директоры, «Қазақстанның еңбек сінірген қызметкері» М.А. Жиенбаевамен сұхбат] / Бақыт Баймұратұлы // Сарыарқа самалы. – 2009. – 5 наурыз. – 4-5 б.

Достық дәнекері: [С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың директоры М.Ә. Жиенбаевамен сұхбат / Әңг. Ә. Тастемханов] // Сарыарқа самалы. – 2006. – 31 қаңтар. – 6 б.

* * *

Әбдірахманов М.М. Тіл тағдыры үшін құрылған қоғам: [Майя Абдрахманқызы Жиенбаева] // Тіл мерейі – ел мерейі (Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Павлодар облыстық үйіміне 20 жыл). – Павлодар, 2010. – 21 б.

Жиенбаева Майя Абдрахмановна // Қазақстанның 101 кітапхана менеджері. – Алматы, 1998. – 76-78 б.

Жұматов Е. Рухани байлық иесі (С.Торайғыров атындағы облыстық біріккен әмбебап ғылыми кітапхананың директоры М.Ә. Жиенбаева хақында) / Фалымбек Жұматов // Сарыарқа самалы. – 2006. – 25 мамыр. – 16 б.

25 мамыр

Кеңес Одағының батыры

Қ.М. Сұрағановтың тұганына
90 жыл (1921-2008)

Сұрағанов Құдайберген Мағзұмұлы 1921 жылы 25 мамырда Павлодар облысының Қашыр ауданы Сұлуағаш ауылында туған.

1940 жылды Павлодардың педагогикалық училищесін бітірген соң, Жаңа ауыл орта мектебінде мұғалім болып істеді. Сол жылдың қазан айында Қызыл Армия катарына шақырылды. 1942 жылы артиллериялық училищені бітіріп, кіші лейтенант атағымен майданға келді.

Ұлы Отан соғысының майданында 1942 жылдан бері болды. 142-ші зенбіректер артиллериясы бригадасының (1-ші Бело-Рус майданы, 33-ші армия) аға лейтенанты Қ.Сұрағанов 1945 жылдың сәуір айында Берлинге жақындығанда батареяның оқ атуын өзгертіп, Виттенбрюк поселкесі ауданында Одер-Шпрее каналына шығуды, көптеген тұрғын жерлерге кіруде атқыштар бөлімдеріне ықпал етті. Ер жүрек артилерист Волгадан Шпрее-ге дейінгі соғыс жолдарынан өтті. 1946 жылдың 15 мамырында Кенес Одағының батыры атағы берілді. Өзінің жеңіс сапарын құлаған Берлинде аяқтаған жауынгер Қ.М.Сұрағанов туған еліне қайтып оралды.

1947 жылдан капитан Қ.М. Сұрағанов запаста болды. Қазак мемлекеттік педагогика институтын, аспирантурасын бітірді. Аға дәріс беруші, кафедра менгерушісі қызметтерін атқарды. Ленин ордені, I дәрежедегі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендарымен және медальдармен марапатталған. 2008 жылы ақпан айында дүниеден өтті. Алматыда жерленген.

Әдебиеттер:

Сұрағанов Қ. Өмір соқпақтары: Деректі хиқаят. – Алматы, 1998. – 160 б.

Жақсыбаев А. Командир: [Құдайберген Сұрағанов] // Бір мың төрт жұз он сегіз күн / құраст. Қ. Боранбаев. – Алматы, 1980. – 189-202 б.

Қазақстандық Кенес Одағының батырлары: [Сұрағанов Құдайберген Мағзұмұлы] // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 10 т. – Алматы, 2003. – 5 т. – 342 б.

Қазақстандық Совет Одағының батырлары: [Сұрағанов Құдайберген Мағзұмұлы] // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. 4 т. – Алматы, 1974. – 1 т. – 257 б.

Мундуинов Е. Батыр аға / Е. Мундуинов. – Павлодар: Алтын кітап, 2006. – 128 б.

Сұрағанов Құдайберген // Совет Одағының қазақстандық батырлары. 2 т. – Алматы, 1969. – 2 т. – 269-270 б.

* * *

Бөлегенова Р. Батыр: [Павлодар облысының тумасы, Кеңес Одағының Батыры Құдайберген Сұрағанов туралы] / Раушан Бөлегенова // Егемен Қазақстан. – 2006. – 24 мамыр. – 5 б.

Ер есімі – ел есінде: [арнаулы бет] // Сарыарқа самалы. – 2008. – 8 мамыр. – 4 – 5 б.

Кеңес Одағының батырлары: [Сергей Елистратов пен Құдайберген Сұрағанов жайлы] // Шаһар. – 2010. – 6 мамыр. – 4 б.

Молдайып С. Мәңгілік тағзым!: [Отан қорғаушылар күніне орай Павлодар қаласындағы Женіс аланында Ұлы Отан соғысындағы ерлік көрсеткен павлодарлық Кеңес Одағының Батырларына арналған кеүіт ашылды] / Сая Молдайып // Шаһар. – 2010. – 13 мамыр. – 4 б.

Мундуинов Е. Тастай берік жау шебін бұзып өткен: [Кеңес Одағының батыры Құдайберген Сұрағанов туралы] / Еркін Мундуинов // Сарыарқа самалы. – 2010. – 1 мамыр. – 6 б.

МАУСЫМ

3 маусым

Кітапхана ісінің ардагері,
С. Торайғыров атындағы облыстық
кітапхана кітап қорын өндеду және
каталогизациялау бөлімінің менгерушісі
Қ.Б. Батталовың туғанына 60 жыл
(1951)

Кітапхана ісінің ардагері, С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың кітап қорын өндеду және каталогизациялау бөлімінің менгерушісі Қайырманат Батталқызы Батталова Павлодар облысы Павлодар ауданы Кеңес селосында дүниеге келген. Осы жерде сегіз жылдық мектепте оқып, окуын Заря орта мектебінде жалғастырды. 1968 жылы мектепте бітірген соң балалар бақшасында тәрбиеші болып жұмыс істеді.

1975 жылы Қ. Батталова әл-Фараби атындағы Шымкент педагогика институтын «кітапханашы-библиограф» мамандығы бойынша бітіріп, жолдамамен Павлодар қаласына келген.

Еңбек жолын 1975 жылы облыстық кітапханада библиограф болып бастады, кейін ауылшаруашылық және техникалық әдебиеттер секторының, абонемент, ақпараттық – библиографиялық бөлімдердің менгерушісі болды. Қазіргі уақытта облыстық кітапхананың кітап өндіреу және каталогизациялау бөлімін басқарады. Кітапхананың алфавиттік және жүйелік каталогтарын ұйымдастырып, оның одан әрі жөнделуіне жауапты. Кітапханалық – библиографиялық процестерді автоматтандыруда белсенді роль атқарды. Ол басқаратын бөлім бөлімдердің алдыңғысы болып жұмыс процестерін автоматтандырыды. Бөлімде 1993 жылдан бастап электронды каталогтар жасалуда.

Орталықталынған кітапханалық жүйелерге (ОКЖ) электрондық каталогты жасауда әдістемелік көмек көрсетеді. Облыстық семинарларға қатысып, консультациялар жасайды. Ауыл филиалдары үшін «РАБИС» бағдарламасын игеру барысында стажировкалар өткізеді.

Қай бөлімде жұмыс істеседе өз жұмысына тиянақты болып, үлкен жауаптылықпен қарауда. Кез келген жұмысты үздік орынданап, кітапхананың қоғамдық өміріне белсене қатысады.

Көп жылдан бері істеп келе жатқан жақсы енбегі үшін бірнеше рет алғыс жарияланған. Қ.Б. Батталованаң 50 жылдық мектептійна Мәдениет департаментінің, Павлодар қалалық маслихатының Құрмет хаттары беріліп, облыстық кітапхананың 100 жылдығына ҚР Мәдениет Министрлігінің Құрмет хатымен марапатталған.

Қ.Б. Батталова корпоративті католизациялау (Алматы қ., 14-15 мамыр, 2002 ж.) кеңесіне, «Электронные информационные ресурсы библиотек Республики Казахстан в системе РАБИС: опыт формирования и перспективы» (Алматы қ. 17-18 мамыр 2005 ж.) республикалық семинар-практикумға, «Создание и интеграция информационных ресурсов на платформе РАБИСа» (3-4 шілде, 2006, Караганды қ.) республикалық семинарга, «Кітап және Ұлы Жібек жолы» (Шымкент қ. 13-15 қараша 2007 ж.) халықаралық конференцияға қатысқан.

Әдебиеттер:

Батталова Қ. Ел қадірлекен Назым: [Назым Ғизатқызы Шайкенова] // Сарыарқа самалы. – 2001. – 6 қараша

Батталова Қ. Оқырмандармен ойласа отырып... // Сарыарқа самалы. – 1996. – 24 қыркүйек

ШІЛДЕ

3 шілде

Кеңес Одағының батыры
К.А. Семенченконың туғанына
115 жыл 1896-1965)

Кузьма Александрович Семенченко 1896 жылы 3 шілдеде Украинада Черниговск облысы Мартыновка селосында дүниеге келген. Соғыс кезіндегі алғашқы қазақстандық Кеңес Одағының (1941) батыры. 1909 жылы Семенченко отбасы Павлодар облысы Успенка ауданынына көшіп келген. 1915-1920 жылдары 1-ші әлемдік және азamat соғыстарына қатысқан. 1918 жылдың қантар айында Қызыл Армия қатарына өз еркімен келді. Жаяу әскерлер мектебін бітіріп, он жылдай взвод, рота және батальонды басқарды. 1919 жылдан 1947 жылға дейін Қызыл Армия қатарында қызмет етіп, қатардағы жауынгерден бастап бронетанкілік әскерінің генерал-майоры атағына дейін жетті.

1940 жылы механикаландырылған әскерлер Әскери Академиясының қасындағы курсарды бітіріп, 1945 жылы Бас штабтың Әскер Академиясын бітірген. Ұлы Отан соғысының майданында 1941 жылдан бері болды. Соғыс басында танк әскерінің генерал-майоры Семенченко, Войница және Александрия село ауданында Владимирск-Волынск (Волынск обл.) тас жолымен келе жатып, тұра сол жерде күшті қаруланған жаумен ұрысқа түсті. Осы қатаң ұрыста қоршаудан шығып үлгерді. Жарақат алды. Сырқаттан жазылған соң кешікпей қайта майданға оралды. 19-ші танк дивизиясының (22-ші механикаландырылған корпус, 5-ші армия, Оңтүстік – Батыс майданы) командирі болды.

19-ші танк дивизиясының командирі болып жүріп, соғыс басында Ровно қаласы (Батыс Украина) ауданында оның дивизия-

сы жау әскерінің алғашқы соққысына қарсы тұрды. Соғыстың алғашқы күндерінде көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін 1941 жылы 22 маусымда КСРО Жоғары Кеңесінің Президиумының бүйрығымен бронетанкілік әскерінің генерал-майоры Кузьма Александрович Семенченкоға Кеңес Одағының батыры атағы берілді.

Москва тұбінде, Украинада, Шығыс Европа елдерінде соғысқан. Соғыстан кейін кейбір әскери округтерде қызметте болды. Соңғы жылдары Кавказ әскери округының командирі болды.

1947 жылдан запаста болды. 1953 жылдан 1956 жылға дейін Грузияда колхоз председателі жұмысын атқарды. Кейін Тбилиси қаласына көшіп, қаладағы қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты. Офицерлер округтік Үйінің әскери – тарихи секциясының лекторы болды. 5 орденмен және медальдармен марапатталған. Оның есімімен Павлодар қаласында көшелер аталған, Женіс алаңында және Успенка селосында К.А. Семенченконың бюсттері қойылған. 1965 жылы 5 қыркүйекте Тбилиси қаласында дүниеден өтті.

Әдебиеттер:

Қазақстандық Совет Одағының батырлары: [Семенченко Кузьма Александрович] // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. 4 т. – Алматы, 1984. – 1 т. – 255 б.

Қазақстандық Кеңес Одағының батырлары: [Семенченко Кузьма Александрович] // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 10 т. – Алматы, 2003. – 5 т. – 340 б.

ҚЫРКҮЙЕК

23 қыркүйек

Ғалым-экономист, экономика
ғылымдарының докторы, профессор,
С. Торайғыров атындағы ПМУ-нің
ректоры **Е.М. Арынның** тұғанына
50 жыл (1961)

Ерлан Мұхтарұлы Арын 1961 жылы 23 қыркүйекте Алматы қаласында дүниеге келген. 1983 жылы С.М. Киров атындағы

Қазақ мемлекеттік университетінің экономика-философиялық факультетін, ҚазКСР Академия экономика Институтының аспирантурасын және докторантурасын бітірген.

1983-1992 жылдары зерттеуші-стажер, Абай атындағы Қазақ педагогика институтында дәріс оқушы, экономист, ғылыми қызметкер, ҚазКСР Академия экономика Институтының ғылыми хатшысы және докторантты болды.

1992-1993 жылдары КИМЭП стратегиялық зерттеулер Орталығы директорының орынбасары, 1993-1994 жылдары ҚР Президенті жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институты (КИСИ) директорының бірінші орынбасары, 1994-1997 жылдары Қазақстан даму Институтының Президенті, 1997-1998 жылдары денсаулық, мәдениет және білім беру саласының вице-министрі. 1998-1999 жылдары – дене шынықтыру, білім беру және денсаулық сақтау саласының бірінші вице-министрі. 1999-2001 жылдары ҚР ғылым және білім вице-министрі. 2001 жылдың ақпан айынан бастап қазіргі уақытқа дейін С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры.

«Экспортная ориентация национальной экономики (Қазақстан Республикасы құжаттары бойынша)» деген тақырыпта докторлық диссертация корғады. Негізгі ғылыми еңбектері өтпелі кезеңдегі қоғамның әлеуметтік – саяси және экономикалық да-мының мәселелерін зерттеуге арналған. 100-ден аса ғылыми еңбектің, Қазақстан мен қатар шет елдерде жарық көрген (Қытай, Австрия, Швейцария, Жапония) монографиялардың, жоғары оқу орындары және орта мектептерге арналған оқу құралдары мен сөздіктердің авторы. 3-томдық «Қазақ мәдениеті» энциклопедиясының бас редакторы (1999-2002).

ҚР халықаралық жоғары мектеп Академиясының, Инженерлік Академияның, ҚР әлеуметтік ғылымдар Академиясының академигі. Қазақстанның көптеген университеттерінің Құрметті профессоры. ҚР әлеуметтік ғылымдар Академиясының, «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының, халықаралық еуразиялық экономикалық Академиясының вице-президенті. ҚР инженерлік Академияның Павлодар филиалының председателі.

Е. Арын көптеген қазақстандық ғылыми және ғылыми-танымал басылымдардың редколлегия мүшесі және бас редакторы

былып келеді. Облыстық мәслихаттың депутаты. Наградалары: ҚР «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты (1994), «Ана тілінің айбары» ордені, Мұстафа Шокай атындағы алтын медаль, «Астана» және «Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы» медальдарымен, «Спорт және мәдениет дамуына қосқан үлесі» үшін белгісімен, «Құрмет» орденімен (2005), М.В. Ломоносов орденімен (2006 ж., РФ), Альберт Швейцар (2006), ІІ. Алтынсарин медальдарымен марапатталған.

ҚР Денсаулық сақтау және ағарту салаларының үздігі, ҚР Білім саласының Құрметті қызметкері, «Жыл адамы» (1998 ж.) атағына ие болған.

Әдебиеттер:

Арын Е. Еліне елеулі ер тұлға / Е.Арын, М.Омаров. – Павлодар, 2004. – 172 б.

Арын Е. Қазақ тілін оқытудың әдістемесі: орыс аудиториясының экономика мамандықтарына арналған оқулық / Е. Арын, Б. Қасым, Е. Жұматаева; ҚР Білім және ғылым мин-гі; С. Торайғыров атындағы ПМУ. – Павлодар: ЭКО, 2005. – 226 б.

Арын Е. Павлодар облысы: Тарихи оқиғалар мен даталардың күнтізбесі («Павлодар Ертіс этномәдени зерттеулері 2001-2003 жж.» бағдарламасы бойынша) = Павлодарская область: календарь исторических событий и дат: Павлодар облысының 65-жылдығына арналады / Е. Арын.; С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті; Е. Арын, А. Нуҳұлы, Т. Еңсебаев. – Павлодар, 2003. – 126 б.

* * *

Арын Е. Даналық дариясы: [Атақты ғалым, философ, академик F. Есімнің ғылыми еңбектеріне көзқарас жайлы] / Ерлан Арын // Сарыарқа самалы. – 2007. – 12 мамыр. – 4 б.

Арын Е. Қазақстандағы экономикалық билікті орталықсыздандырудың алғышарттары / Е.М. Арын, В.Е. Есмагамбет // ПМУ хабаршысы. Экономикалық серия. – 2006. – № 2. – 15-25 б.

Арын Е. Есімі ерлікпен ұштасқан жерлесіміз – Әбілқайыр Баймөлдин / А. Ерлан, Ж. Камзин // Сарыарқа самалы. – 2010. – 24 сәуір. – 5 б.

Арын Е. Қара қыпшақ Қобыланды / Ерлан Арын // Сарыарқа самалы. – 2007. – 13 қыркүйек. – 16 б.

Арын Е. Малайсары тархан (торқалы той қарсаңындағы толғаныс): [Қазақтың ұлы батыры Малайсары жайлы бірер сөз] / Ерлан Арын, Жамбыл Артықбаев // Егемен Қазақстан. – 2008. – 19 қантар. – 5 б.

Арын Е. Ол өз өмірінің басты мақсаты халыққа қызмет ету деп есептеген: [12 сәуірде Қ.И.Сәтбаевтың туғанына 110 жыл толады] / Ерлан Арын // Сарыарқа самалы. – 2009. – 11 сәуір. – 4 – 5 б.

Арын Е. Өз өмірінің басты мақсаты халыққа қызмет ету деп есептеген: [Академик Қ. Сәтбаевтың туғанына 111 жыл] / Ерлан Арын // Сарыарқа самалы. – 2010. – 10 сәуір. – 5 б.

Арын Е. Ұлтжанды азамат: [Ғалым, драматург, жазушы, журналист, қоғам қайраткері Кошке Кеменгеров жайлы] / Ерлан Арын // Сарыарқа самалы. – 2006. – 17 маусым. – 3 б.

Арын Е. Халқымыздың тәуелсіздігі үшін күрескен (Мұстафа Шокай туралы құнды еңбек) / Ерлан Арын // Сарыарқа самалы. – 2009. – 5 наурыз. – 16 б

Арын Е. «Халық Қаһарманы» атағына лайық. Ерлік ұмытылмауы тиіс: [Наркескен жылдар жаңғырығы – 65 жыл] / Ерлан Арын // Ана тілі. – 2010. – 25 акпан – 3 наурыз (№ 8). – 8 б.

Ерлан Арын: Өзін – өзі басқару – студент белсенділігін арттырады: [ПМУ ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Ерлан Мұхтарұлы Арынмен сұхбат] / Әңғ. Е.Ахметов // Қазақ әдебиеті. – 2007. – 5 – 11 қазан. – 1, 4 б.

Ахметов Е. Келешекке – кемел біліммен / Ерлан Ахметов // Руханият. – 2007. – 1 қараша. – 1 – 2, 8 б.

Басты міндет – сайлаушылар сенімін ақтау: [С. Торайғыров атындағы ПМУ ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Е.М. Арынмен сұхбат] / Әңғ. Ф. Жұматов // Сарыарқа самалы. – 2009. – 24 қантар. – 4 б.

Ерлан Мұхтарұлы Арын: Отандық ғылымның өрге басарына сенімдімін: [С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Е.М. Арынмен сұхбат] // Сарыарқа самалы. – 2009. – 15 қазан. – 4-5 б.

* * *

Арын Ерлан Мұхтарұлы // Қазақстан ғылымы. Энциклопедия. / бас ред. Б.Ә. Жақып. – Алматы, 2009. – 1 т. – 129 б.

Әр ісі кең өлшемнен танылған // Жұматов Ф. Мәшһүр тағлымы: елге танылған есімдер / F. Жұматов. – Павлодар, 2008. – 178-187 б.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті – халықаралық байқау жеңімпазы: [С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің жетістігі туралы] // Сарыарқа самалы. – 2008. – 29 наурыз. – 1 б.

26 қыркүйек

Облыстық «Қызыл Ту» газетінің аты
«Сарыарқа самалы» болып
өзгергеніне 20 жыл (1991)

Облыс тарихында ерекше орын алатын басылым «Сарыарқа самалы» газетінің жарықта шыққанына 80 жылдан аса уақыт болды. Тарихы терең басылым осы уақыттың ішінде көп жетістіктерге жетті. Жыл сайын оның таралымы өсіп, оқырмандардың саны көбеюде.

Басылым 1929 жылдың 15 ақпанында «Кеңес туы» атпен тұңғыш рет жарық көрді. Бұл газет әуелі «Кеңес туы», кейін «Колхоз», ал 1939 жылдан 1991 жылға дейін «Қызыл Ту» аттарымен шықты. Басылым талай тарихи кезеңдерді басынан кешті және кешуде: Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі кез, тыңды игеру, қайта құру кезеңдері, егемендік жылдары, қазіргі уақытта болып жатқан өлкедегі, Республикадағы жаңалықтарды көрсетуде.

Ұлы Отан соғысында «Бәрі де майдан үшін!» деген ұранмен жұмыс жасап, жауынгерлерді аянбай Отаның қорғауға, соғыстың қының кезеңдерін, жауынгерлердің батырлығын, халықтың ауыр жағдайын суреттеп отырған. Соғыс аяқталып, халық шаруашылығын қайта қалпына келтіру кезеңінде басылым алдында талай міндеттер тұрды.

Тың игерудің алғашқы жылдарындағы жетістіктер диқандардың еңсесін көтеріп, одан да жақсы табыстарға бағыттап отырды. Бірақ, қалайда болса көптеген қындықтар болды. Жер эрозиясы мәселесі күн тәртібіндегі ең өзекті тақырыпқа айналды. Осылай байланысты «Қызыл Ту» газеті егіншіліктің жаңа жүйесін насиҳаттауға арналған көптеген мақалаларды жариялау арқылы оқырмандарға оң бағыт берді. Осылайша «Қызыл Ту» басылымы павлодарлық оқырмандар арасында абырайға ие

болып, 1979 жылы 15 наурызда газеттің қоғам өміріндегі орны, журналистердің белсенділігі ескеріліп, «Қызыл Тү» газеті «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталды.

Ел егемендікке қол жеткізіп, Қазақстан Республикасы өзінің дербес тәуелсіздігін жариялағаннан кейін 1991 жылдың екінші жартысынан бастап «Қызыл Тү» аттың келген газет «Сарыарқа самалы» деген атпен жарыққа шыға бастады. «Қызыл Тү» газетінің «Сарыарқа самалы» болып өзгергеніне биыл 20 жыл болды.

Бүкіл қоғам шаруашылықтың жаңа жүйесіне, жаңа қарым-қатынасқа көшкені белгілі. Нарықтық жағдай туғызған бұл өзгерістер еліміздегі баспасөздің жұмыс бағытын түбекейлі өзгертуге себепкер болды. Осы кезеңде Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» газеті де туындаған қыындықтарға қарамастан оқырман арасындағы байланыстың тұрақты болуына мол күш жұмсады.

Газеттің алғашқы редакторы профессор, филология ғылымдарының докторы Бейсенбай Кенжебаев, кейінгі редакторлар Фалым Молдыбаев, Хамза Сыздықов, жазушы Әзілхан Нұршайыков, тарлан журналистер Омарғали Құдышев, Сұбыхан Шошанов, 1988 жылдың ортасына дейін газетке басшылық еткен Балтабай Сейсенбеков, Әлімхожа Мұхамеджанов және т.б. редакция қызметінде көп үлес қосып, едәуір еңбек етті.

«Сарыарқа самалы» редакциясы көптеген қалам шеберлеріне жолдама берген. Еңбек жолдарын осы газетте бастаған қаламдастардың бірқатары кейінде республикаға әйгілі ақын, жазушылар, ғалымдар болды.

Қазақтың ақыны Қ. Бекхожин өзінің қаламгерлік еңбек жолын осы газеттен бастап, 1934 жылғы Қазақстан жазушыларының I съезіне редакциядан жолдама алған. Көрнекті ақын, тәуелсіз Қазақстан Республикасының ән-ұранын жазғандардың бірі – Мұзғар Әлімбаев, «Қорлан» шығармасының авторы Естай Беркімбаев, белгілі ақындар Қ. Ыдырысов, А. Шамкенов, Н. Шакенов, Т. Смайылов, Қ. Нығманов, М. Жаманбалинов, Р. Тоқтаров және басқа да көптеген талант иелері және олардың шығармаларымен алғаш рет оқырман қауым осы басылым беттерінен оқи алды.

Соңғы жылдары басылымның шығармашылық аясы кеңейіп, көп қосымшалар пайда болды. 2007 жылы «Сарыарқа самалы»

газетінің демеушілігімен «Шаһар» газеті пайда болды. Жастар, жасөспірім тәрбиесіне, олардың болашағына үлкен ықпал ететін, тіліне, діліне, туған Отанына деген сүйіспеншілік тудыратын қосымша беттер қуантады. Олар, «Туған тіл», Достық», «Имандылық», «Ақ босаға», «Айналайын» және т.б.

Оқырмандар үшін, әсіресе әдеби сүйгіш қауым үшін қазақ және орыс тілдерінде 2008 жылы жарыққа шыға бастаған, жергілікті ақын – жазушыларымыздың шығармашылығын насиҳаттайтын «Айдын» журналы оқырманның көңілінен шығуда.

«Сарыарқа самалы» газеті Павлодар өнірінде болып жатқан саяси – экономикалық, мәдени, өнер өмірін, өткен мен бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін толық қамтып, насиҳаттауда ерекше орны бар басылым. Газет өз дәуірінің тынысын қағаз бетіне түсіріп, жылнамасын жазып келуде.

Әдебиеттер:

Әбіш А. «Оқырманының оң бағасын алған басылым»: [«Сарыарқа самалына»-75 жыл] / Әбіш Асыл // Сарыарқа самалы. – 2004. – 17 ақпан. – 1 б.

Дәуренбек М. Қоғамдық пікірдің көшбасшысы: [Облыстық «Сарыарқа самалы» басылымына 75 жыл] / Дәуренбек Мұхамеджан // Сарыарқа самалы. – 2004. – 12 ақпан. – 6 б.

Кентай Т. Жарты ғасыр ақылшым, әрі сырласым: [Облыстық «Сарыарқа самалы» газетіне 75 жыл] / Кентай Тогайбай // Сарыарқа самалы. – 2004. – 27 қаңтар. – 6 б.

Қоңыр Т. Соңына із қалдырган: [«Сарыарқа самалы» газетінің тарихынан] / Т. Қоңыр // Сарыарқа самалы. – 2002. – 3 қыркүйек. – 8 б.

Мақажанова Қ. Осылай басталған еді..: [облыстық «Сарыарқа самалы» басылымына 80 жыл] / Қаншайым Мақажанова // Сарыарқа самалы. – 2009. – 14 ақпан. – 5 б.

Мұхит Омаров: Әр күніміз жаңаша ізденіс жүктейді: [«Сарыарқа самалы» газетінің бас редакторы М. Омаровпен сұхбат] / Әңг. газет тілшісі // Сарыарқа самалы. – 2009. – 19 ақпан. – 4-5 б.

Омаров М. Өнірдің өркенді ісін айшықтаған: [Облыстық «Сарыарқа самалы» басылымына 75 жыл] / М. Омаров // Сарыарқа самалы. – 2004. – 14 ақпан. – 3 б.

Омаров М. Дәстүрі мол өміршөң басылым: [облыстық «Сарыарқа самалы» басылымына 80 жыл] / Мұхит Омаров // Сарыарқа самалы. – 2009. – 14 ақпан. – 1, 4 б.

27 қыркүйек

Жазушы **С. Шәкібаевтің** туғанына
85 жыл (1926-1999)

Серік Шәкібаев 1926 жылы 27 қыркүйекте Павлодар қаласында туған. Балалық шағы Ақжар ауылы, Тарбағатай ауданы, Шығыс Қазақстан облысында өткен. Ақжардағы Абай атындағы орта мектепте оқыған. Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін «Шилдікті» совхозында жұмысқа кіріп, комсомол комитетінің секретары болып сайланды.

Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарынан бастап, отыз екі жыл бойы қауіпсіздік органдарында қызмет істеген. Абай атындағы қазақ педагогика институтының тіл, әдебиет факультетінде сырттай оқыған. Көп жылдар (1960-1975) Қостанай қалалық партия комитетінің мүшесі, халық депутаттары қалалық кеңесінің депутаты болып сайланды.

1968 жылы «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты документальды повесі жарыққа шықты. Ол кітап 1972 жылы «Падение Большого Туркестана», 1976 жылы «Чоң Түркістанның қираши» деген аттармен орыс, қырғыз тілдерінде жеке кітап болып басылды. 1985 жылы түсірілген «Ерлік заңы жолымен» атты фильм сценарийінің авторы болды

С. Шәкібаев 1983 жылдан бастап 1989 жылға дейін Қазақстан Жазушылыр одағының Қостанай облысындағы әдеби кеңесшісі болды.

Көптеген медальдармен, Қазақ КСР Жогарғы Кеңесінің Мақтау қағазымен марапатталған.

Әдебиеттер:

Шәкібаев С. Үлкен Түркістанның күйреуі: Документалды повесть / С. Шәкібаев. – Алматы: Жазушы, 1968. – 263 б.

Шәкібаев С. Үлкен Түркістанның күйреуі // Қазақ елі. – 2002. – № 1. – 4-5 б.

Шәкібаев Серік // Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005. – 551 б.

Шәкібаев Серік // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. 4 т. – Алматы, 1989. – 4 т. – 630 б.

Шәкібаев Серік // Қазақстан жазушылшары: ХХ ғасыр: Анықтамалық. – Алматы, 2004. – 339 б.

Шәкібаев Серік // Советтік Қазақстан жазушылары: Биобиблиогр. анықтамалық. – Алматы, 1987. – 696 б.

Шәкібаев Серік // Қазақстан жазушылары: Анықтамалық. – Алматы, 2009. – 429 б.

ҚАЗАН

10 қазан

Режиссер, драматург және актер
Ә.Қ. Қалиевтың туғанына 80 жыл (1931)

Әнүар Қалиұлы Қалиев 1931 жылы Павлодар қаласында туған. 1947 жылы қаладағы Абай атындағы қазақ орта мектебінің 9 сыныбын бітіріп, еңбек жолын қазақ театрында бастады. Оның өнер жолы 1947 жылдан 1949 жылға дейін осы театрда жалгасты. 1950 жылы Шымкент облыстық қазақ драма театрына актер болып қабылданды.

Театр сахнасында Ә. Қалиев «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу», «Еңілік-Кебек», «Айман-Шолпан», «Ревизор», «Аршин-Малалан» сияқты басқа да спектакльдерде ойнайды.

Еңбек жолын 1959 жылы Облыстық мәдениет басқармасының бүйрекшімен қалалық Мәдениет үйінің директорлығынан бастайды. Өзінің ұйымдастыруышылық қабілетімен көріне білген 1960-1961 жылдар аралығында алдымен облыстық концерттік-эстрадалық бюроның көркемдік жетекшісі, кейін облыстық халық шығармашылығы үйінің аға әдіскері етіп тағайындалды. Қызмет істей жүріп, жоғары, әрі арнайы мамандық алу мақсатында сырттай 1960 жылы Москвадағы Н.К. Крупская атындағы халық университетінің режиссура бөліміне түсіп, 1964 жылы бітіріп шыгады.

1961 жылы Мәдениет басқармасының бүйрекшімен Лебяжі аудандық халық театрының бас режиссері болып тағайындалды. 1963 жылы Баянауыл аудандық мәдениет бөлімінің менгерушісі

болды. 1970 жылдан бастап, он жеті жыл бойы И. Байзақов атындағы облыстық филармонияның бас көркемдік жетекшісі болып қызмет атқарды.

Ә. Қалиев сценарист ретінде арнайы халық композиторлары Естай, Иса және Жаяу Мұсаның өмірі мен өнеріне арналған лекция – концерттер жазды. Аудандық, облыстық газеттердің штаттан тыс тілшісі ретінде көптеген макалалар, очерктер мен әңгімелер жазды. Атап айтсақ, «Майраның шәкірті», «Әнші бақыты» және т.б. очерк – әңгімелер жазды. Өз өмірінде әдеби шығармашылықпен айналысқан драма, пьеса, интермедия мен скетчтер жазып қалдырыды. Олар: «Сен жалғыз емессің», «Мұнира», «Рахмет, тілші ағатай», «Мен кінәлі» пысалары, «Сонда мен кіммін?», «Мүшелдік мереке», «Сені де жігіт дейді-ау», «Парықсыздың сыбағасы» сынды интермедиялары мен скетчтері бар. 1988 жылы Ә. Қалиев ҚР музика қоғамы Павлодар облыстық бөлімшесінің төрагасы болып сайланды.

Мәдениет пен өнер иесі, жерлесіміз Әнуар Қалиев режиссер, драматург әрі сценарист ретінде облыстың, жалпы республиканың мәдени өмірінде ұмытылмастай із қалдырыды.

Әдебиеттер:

Қалиев Ә. Сен жалғыз емессің. – Павлодар: ЭКО, 2003. – 300 б.

Балтабай F.Қ. Қолдау көрсеткен Әнуар аға еді..: [актер, режиссер Әнуар Қалиев туралы] / F.Балтабай // Қалиев Ә. Сен жалғыз емессің. – Павлодар, 2003. – 282-285 б.

Бижан Ж. Жыміғаны жақсылық тілегені еді (Режиссер Ә. Қалиев жайлы бір үзік сыр) / Бижан Жұмасейіт // Сарыарқа самалы. – 2005. – 10 желтоқсан. – 8 б.

Мұздыбаев А. Талантты режиссер еді: [Режиссер әрі драматург, еңбеккорлығымен танылған Әнуар Қалиев туралы] / А. Мұздыбаев // Сарыарқа самалы. – 2003. – 23 қазан. – 15 б.

15 қазан

Ғалым-физиолог, биология
ғылымдарының докторы,
профессор **Қ. Дүйсембиннің**
туғанына 80 жыл (1931)

Қабдрахман Дүйсембин 1931 жылы Павлодар облысы Успенка ауданы Ушкөл селосында туған. Таволжан орта мектебін бітіргеннен кейін Павлодар педагогика училищесіне түсті.

1953 жылы ҚазМУ-тін, кейін КСРО FA Физиология Институты аспирантурасын бітірді. 1953-1981 жылдары ҚазКСР-нің FA-ның физиология институтында кіші, ага ғылыми қызметкер, лабаратория менгерушісі, ал 1981 жылдан ҚазМУ-де адам және жануарлар физиологиясы кафедрасының менгерушісі болды.

1990 жылдан адам және жануарлар физиологиясы институтының директоры. 1970 жылы «Закономерности молокообразования и молокоотдачи у кобыл и некоторых видов жвачных животных» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған.

Негізгі ғылыми енбектері лактация (сүт түзілу, сүт шығару) физиологиясына арналған. Дүйсенбин биені машинамен саууды физиологиялық тұрғыдан дәлелдеп, оның июнің тежелуі жөнінде арнайы теория ұсынды.

Әдебиеттер:

Дүйсенбин Қабдрахман // Қазақстан ғылымы: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ә. Жақып. – Алматы, 2009. – 1т. – 376 б.

Дүйсенбин Хабдрахман // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. 4 т. – Алматы, 1988. – 3т. – 212 б.

25 қазан

Музыкатанушы, өнертану кандидаты
Қ.Т. Жұзбасовтың туғанына 70 жыл
(1941-1995)

Қайролла Тұсіпұлы Жұзбасов 1941 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданы Майқайын поселкесінде туған. Майқайын орта мектебін бітіріп, 1959 жылы Павлодар музыка училищесіне түсті. 1963 жылы училищені бітірген соң, Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының тарихи-теориялық факультетін, ал 1977 жылы аспирантурасын бітірді. 1960-1963 жылдары

Павлодар қаласындағы мектепте ән сабағының мұғалімі болды. 1968-70 жылдары Алматы мемлекеттік консерваториясында аға лаборант, 1979-1979 жылдары фольклорлық бөлім менгерушісі болды. 1983-1984 жылдары ҚазКСР-і FA-ның әдебиет және өнер институтының музика бөлімінде аға ғылыми қызметкер (1984-1995) болып жұмыс істеді.

К.Т. Жұзбасов қазақ музика фольклорының және оған өзге елдер (Алтай, монгол, орыс) музикасының әсер – ықпалы, әсіресе Таулы Алтай қазактарының тарихи жағынан қалыптасқан өзіне тән жергілікті музикасының жанры мен түрін теориялық түргыда зерттеу мәселесімен айналысты.

Әдебиеттер:

Жұзбасов Қайролла // Қазақ өнері: Энциклопедия. – Алматы, 2002. – 230 б.

15 қараша	Үш дәрежелі Даңқ орденінің толық кавалері, Павлодар қаласының Құрметті азаматы П.В. Пешиннің туғанына 80 жыл (1926-2002)
-----------	---

Петр Васильевич Пешин 1926 жылы 15 қараша Қашқара селосында (қ. Осиповский ауданы, Перм облысы) дүниеге келген.

1943 жылы 18-ші атқыштар Минск Краснознаменный дивизиясының 424-ші полкуна қатардағы жауынгер болып қабылданды. Соғыста ол 3-ші Прибалтикалық, Карелия және 2-ші Белорус майдандарында болды.

П.В. Пешин полк мектебінде курсант болып, әскери операцияларға қатысып жүрді. Ол операцияларда өзін жақсы жақтан көрсетіп жүрді. Кейін жауынгер атқыштар бөлімінің командирі болды.

1944 жылы 1 шілдеде Оленецкий ауданының «Гиж-озеро» селосы үшін ұрыста ефрейтор Пешин өз бөлімімен жау жақта барлауда жүрді. Ойламаган жерден олар неміс және фин автоматшыларына тап болды. Сол жерде фашистермен қақтығысып, жаудың солдаттарын жойып жіберді. Осы ұрыста ефрейтор Пешин жарақат алды, бірақ бұл жерден кетпеді. Көмек келген кезде ғана

медсанбатқа жеткізілді. Көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін ефрейтор Пешин – III дәрежедегі Даңқ орденімен марапатталды.

Келесі ұрыстарда да ол батылдық көрсетіп жүрді. 1945 жылдың 8 наурызында взвод құрамында сержант Пешин Засельск тұрғындар пункті үшін ұрыста елу адамнан тұратын жау тобымен қарсылас болды. Осы ұрыста сержант жеке өзі он фашисті құртып, төрт солдат пен бір офицерді тұтқынга алды. Взвод командирі қаза болғанда басқаруды өз қолына алышп, қойған мақсатты орындауды одан әрі жалғастырды. Ұрыста ол жауынгерлерді ынталандырып, үлгі ретінде батылдық пен ержүректікі көрсетіп отырды. Осы шайқаста көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін сержант Пешин II дәрежедегі – Даңқ орденінің иегері болды.

Соғыс аяғына дейін Петр Пешин тағы екі рет жарақаттанды, бірақ ешқашанда шайқас шебін тастан кеткен емес. 1951 жылғы 20 желтоқсанда КСРО Жоғары Кенес Президиумының Жарлығымен Петр Васильевич Пешин жоғары жауынгерлік награда – I дәрежедегі Даңқ орденімен марапатталды.

1945 жылдан тыңда болды. Басқалармен бірігіп, сол жылдағы Ертісте элеватор құрылышын салуға катысады. Кейін, он жылдай П.В.Пешин №25 жол салу басқармасында бульдозерші болып еңбек етті. Қай жерде еңбек етсе де өзін жақсы жақтан көрсете білді. 1960 жылы «Павлодар қаласының Құрметті азаматы» атағына ие болды.

Петр Пешин 2002 жылдың 18 наурызында Павлодар қаласында дүниeden өтті.

ҚАРАША

30 қараша

Кітапхашы, С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың қазақ әдебиеттері бөлімі менгерушісі **Н.Ф. Шайкенованаң туғанына 60 жыл (1951)**

Назым Ғизатқызы Шайкенова 1951 жылы 30 қарашада Арбінген ауылы Шарбақты ауданы Павлодар облысында дүниеге келген. 1974 жылы Қазақ мемлекеттік әйелдер педагогика институ-

тын «библиограф-библиотекарь» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Семей балалар кітапханасында бастады.

1975 жылдан бастап Павлодар қаласында С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханада библиограф, аға библиограф, бас библиограф болды, ал, 1993 жылдан бастап қазақ әдебиеттері бөлімінің меншерушісі болып қызмет істеуде.

Көп жылдан бері жаңа кітаптарды жергілікті бұқаралық-ак-парат құралдары арқылы насиҳаттап келуде. Кітапханада үлкен көпшілік шаралар ұйымдастырып, жүртшылықтың көңілінен шығуда: тұсау кесерлер, атақты ақындар мен жазушылардың, актерлер мен қылқалам шеберлерінің шығармашылық кештері, ғалымдар, қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлердің мерейтойлық кештерін ұйымдастырып келуде. Ерекше есте қалатын үлкен мерейтойлардың ішінде қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, академик Қ. Сәтбаевтың, жазушы, академик М. Әуезовтің шығармашылықтарына арналған кештер, «Мәдени мұра» бағдарламасы шенберінде шыққан «Бабалар сөзі» сериядағы кітаптардың тұсау кесері және т.б. кітаптар бойынша тұсау кесерлер, оқырман конференциялар болды.

Н. Шайкенова «Павлодар өнірінің ақын-жазушылары» (2003), «Павлодар өнірінде аталып өтілетін және еске алынатын күндер» (1976-1992 жж.), ақынның 100 жылдығына арналған «Сұлтан-махмұт Торайғыров» (2003), «Павлодар – кітапханалар астанасы» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға, облыстық кітапхананың 110 жылдығына арналған «С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана» атты библиографиялық құралдарды құрастырды.

Көп жылдары мерзімді басылымдардың беттерінде көптеген тақырыпты библиографиялық шолулар, жаңа кітаптар туралы ақпараттар беріп отырған.

Әдіскер-кітапханашы ретінде кітапханалық мәселелерге арналған көптеген республикалық (1994-Орал, 2006-Ақтөбе), облыстық, аудандық семинарларға қатысқан.

Назым Физатқызы қоғамдық өмірге белсенді қатысады. 1991 жылдан бастап «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшесі. «Ана тілі» бағдарламасы шенберінде 1996 жылы «Тіл өнері» халық университетін ұйымдастырды. Ол университетке ғалым-

филологтар, тілтанушылар, мектеп мұғалімдері, журналистер қатысады. Жиындарда казақ әдебиетіне үлкен үлес қосқан ұлы классиктер Абай, М. Әуезов, Ф. Мұстафин, Б. Майлін, И. Жансүгіров және жергілікті ақын-жазушыларының әдеби мұраларын, шығармашылықтарын насхаттайды.

Көп жылдық еңбегі үшін «Еңбек ардагері» (1990), кітапхана-ның 100 жылдығына байланысты Мәдениет Министрлігінің Құрмет қағазымен (1996), кітапхана ісінің дамуына қосқан үлесі үшін Ақпарат және қоғамдық келісім комитетінің Құрмет қағазымен (2003), қалалық мәслихаттың Құрметті қағазымен (2001) марапатталған. Облыстық Мәдениет басқармасының «Мәдениеттің үздік қызметкері» дипломдарымен (1987, 1993, 1994) марапатталған. Қазақстан халықтар тілдері күніне облыс әкімінің мадақтау хаты (2006) берілген.

2009 жылы мәдениет және өнер саласындағы жемісті еңбетті үшін Конституция күніне арнап Павлодар облысы Мәдениет басқармасының Құрмет қағазымен, «Қазақ тілі» Павлодар облыстық қоғамының 20 жылдығына қалалық Тілдерді дамыту және Мәдениет бөлімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Мемлекеттік тілді насхаттау шараларына белсенді қатысуы және ҚР «ҚР Тілдері» Заңының 20 жылдығына байланысты Назым Ғизатқызы Шайкенова ҚР Ақпарат және Мәдениет Министрлігінің алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар, Мемлекеттік тілдің даму Президенттік қорының арнаулы сертификатының иегері болды.

Әдебиеттер:

Шайкенова Н.Г. Әже // Наурызбаева К. Бір кәдеге жарап / К. Наурызбаева. – Павлодар, 2004. – 34 – 35 б.

Шайкенова Н. «Тіл өнері» университетінің ұлағаты // Әбдірахманов М.М. «Қазақ тілі» қоғамы Павлодар облыстық үйімінің тарихы (17.02.1990 – 17.02.2010 жж): Оку құралы. – Павлодар: Кереку, 2010. – 285-286 б.

Шайкенова Н. Екібастұз – әдебиетте // Қызыл Ту. – 1987. – 12 маусым

Шайкенова Н. Ерлік – ел есінде // Қызыл Ту. – 1985. – 20 маусым

Шайкенова Н. Женіс шежіресі // Сарыарқа самалы. – 1995. – 25 шілде

Шайкенова Н. Жыр алыбы – Жамбылдың 140 жасқа толуы қарсанында // Қызыл Ту. – 1986. – 18 наурыз

Шайкенова Н. Кітап жанашыры – Қызыл Ту. – 1988. – 1 қараша

Шайкенова Н. Қайта құру ісіндегі ықпалды көмекші (Кітапхана ісін жақсарту жөніндегі облыстық ғылыми конференциядан) // Қызыл Ту. – 1988. – 22 сәуір

Шайкенова Н. Қанаш Қамзиннің соңғы шешуші айқасынан эпизод... // Сарыарқа самалы. – 2004. – 24 қыркүйек

Шайкенова Н. Оқырман конференциясы // Қызыл Ту. – 1987. – 26 қазан

Шайкенова Н. Оқырмандар пікірі // Сарыарқа самалы. – 1992. – 5 желтоқсан

Шайкенова Н. Отты жылдар шежіресі // Қызыл Ту. – 1990. – 22 мамыр

Шайкенова Н. Рухани құтқана (С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың 100 жылдығына) // Сарыарқа самалы. – 1997. – 18 ақпан. – 46.

Шайкенова Н. «Сорос-Қазақстан» қоры – кітапханаға қамқоршы // Сарыарқа самалы. – 1999. – 8 сәуір

Шайкенова Н. Тарихтан сыр тартқан: [Академик Манаш Қозыбаевтың кітаптары жайлы] / Назым Шайкенова // Сарыарқа самалы. – 2007. – 30 қаңтар. – 7 б.

Шайкенова Н. Тұған өлкө тарихы // Қызыл Ту. – 1988. – 1 наурыз

Шайкенова Н. Ұстаздар, Сіздер үшін // Қызыл Ту. – 1988. – 4 қазан

Шайкенова Н. Халықтық тақырыпты терең қозғаған (жазушы Д. Досжанның шығармашылығы хақында) // Сарыарқа самалы. – 2006. – 15 сәуір

* * *

Әбдірахманов М.М. Тіл тағдыры үшін құрылған қоғам: [Назым Физатқызы Шайкенова] // Тіл мерейі – ел мерейі (Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Павлодар облыстық ұйымына 20 жыл). – Павлодар, 2010. – 21 б.

Шайхыислам Қ. Назымға: Өлең // Шайхыислам Қ. Көңіл лебіздері: Өлеңдер. – Екібастұз, 2009. – 187-188 б.

«Айналайынның» айналайындары: [Назым Ғизатқызы Шайкенова] // Ақ желкен. – 1998. – № 1. – 2 б.

Батталова Қ. Ел қадірлеген Назым: [Назым Гизатқызы Шайкенова] // Сарыарқа самалы. – 2001. – 6 қараша

Жұмаділ Ж.С. Қызметімен танылған кітапханаши // Сарыарқа самалы. – 1996. – 24 қыркүйек

Сыйың өнеге алар ісің болса... // Сарыарқа самалы. – 1998. – 21 шілде

Шектібай С. Еңбегіне ел риза // Арман. – 1997. – 18 желтоқсан. – 2 б.

Ісмағұлова З. Жанашыр: [Назым Ғизатқызы Шайкенова жайлы] // Сарыарқа самалы. – 1994. – 15 наурыз

2 қараша

Ғалым, әдеби сыншы, филология
ғылымдарының докторы, профессор
Қ.Ф. Жүсіповтың тұганына 70 жыл (1941)

Қуандық Фазылұлы Жүсіпов 1941 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданы қазіргі Мәшін-Жүсіп ауылында (бұрынғы «Жаңа жол» ауылы) ұстаз отбасында дүниеге келген. Атақты Мәшін-Жүсіп Көпеевтің немересі. 1956 жылы Баян қазақ орта мектебін бітірген. 1959-1964 жылдары Алматы Абай атындағы қазақ педагогика институтының тарих-филология факультетінде оқып, қазақ тілі мен әдебиеті және тарих мұғалімі мамандығын алады. 1967 жылы М. Әуезов атындағы өнер және әдебиет институты жанындағы аспирантураны бітіреді.

1968 жылы Семей педагогикалық институтында қызмет істеді. 1969 жылы «Қазақ прозасындағы тартыс және жаңа адам» тақырыбы бойынша қандидаттық диссертация корғады. 1973 жылдан сол кафедраның доценті және кафедра менгерушісі болып істеді. 1994 жылы ҚР ҰҒА М.Әуезов атындағы «Әдебиет және өнер» институтында филология ғылымдарының докторы болып, 1996 жылы әдебиеттану профессоры атағын алды. – 1997 жылдар аралығында Қ. Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтында филология пәндері кафедрасының менгерушісі болып қызмет атқарды.

Қ. Жұсіпов проза мен драматургия саласында үлкен жұмыс жасады. Оның «Ұл мен қыз» пьесасы, «Армандастар» (1979); «Қыздар, жігіттер» (1982) көркем шығармаларында өнегелі, өлеуметтік мәселелерді қозғап, жастардың жан байлығын әшекелейді. Қазақ әдебиетіндегі жанр, лирика, стилльді зерттеу мәселелеріне арналған 50-ден астам ғылыми еңбектер мен монографиялар жазды.

1997 жылы С. Торайғыров атындағы университеттің қазақ әдебиеті кафедрасының менгерушісі. 1999 жылы Павлодарда «Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелік» монографиялық жұмысы басылды. Қуандық Жұсіпов М.Ж. Көпевтің шығармашылық мұрасын насиҳаттап, зерттеу жұмысымен айналысада.

Қуандық Жұсіпов республикада қорғалып жатқан кандидаттық, докторлық диссертациялардың көбіне пікір жазып, республикадағы қазақ филологиясы ғылымының, дамуына ат салысып келеді. Көптеген ғылыми мақалалардың, журнал-кітаптардың, монографиялардың және ғылыми зерттеу еңбектердің авторы.

Әдебиеттер:

Жұсіп Қ. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік: Монография. – Павлодар: Павлодар университеті баспасы, 1999. – 382 б.

Жұсіп Қ. Көркем сөздің құдіреті: Зерттеу. – Павлодар: Павлодар университеті, 2000. – 286 б.

Жұсіп Қ. Өлең сөздің патшасы: Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1991. – 214 б.

Жұсіп Қ. Сөз зергері // Қазақ әдебиеті және әдеби тіл: Қазақ ССР Оқу министрлігінің жинағы. – Алматы, 1980. – 4 б.

* * *

Жұсіп Қ. Абай жолының тілін оқыту // Қазақстан мектебі. – 1986. – № 1. – 7 б.

Жұсіп Қ. Ашынғаннан шығады аңы дауыс // Егемен Қазақстан. – 2001. – 29 маусым

Жұсіп Қ. Идея және образ // Жұлдыз. – № 10. – 4 б.

Жұсіп Қ. «Көп» деген сөзде көп мән бар // Жұлдыз. – 1986. – № 10. – 1 б.

Жұсіп Қ. М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» дастанын оқыту // Сарырақа самалы. – 1999. – 23 қараша. – 2, 7, 9 желтоқсан

Жұсіп Қ. Ж. Молдағалиевтің «Мен қазақпын» дастаны // Сарыарқа самалы. – 2000. – 17 ақпан. – 8 б.

Жұсіп Қ.П., Мұхамедханов Қ. Мәшһүр-Жұсіп мұрасы жөнінде // Жұлдыз. – 1984. – №3. – 9 б.

Жұсіп Қ. Орны бөлек сахналық туынды // Сарыарқа самалы. – 2000. – 24 ақпан

Жұсіп Қ. С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасын оқыту мәселелері // Қазақстан мектебі. – 1984. – №10. – 6 б.

Жұсіп Қ. Сын сергек жанр // Жалын. – 1986. – №6. – 1 б.

Мәшһүр Жұсіп Қ. «Батыр Баян» дастаны // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2000. – № 7. – 53 – 55 б.

Мәшһүр-Жұсіп Қ. І. Жансүгіровтің «Құлагер» дастанын оқыту // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2002. – №7. – 31 – 36 б.

Мәшһүр-Жұсіп Қ. С. Сейфуллин өлеңдерін оқыту // Сарыарқа самалы. – 2000. – 29 маусым. – 9 б.

* * *

Жұматов Ф. Парыз бен парасат жолында: [Қ.Ф. Жұсіпов] // Жұматов Ф. Мәшһүр тағлымы: елге танылған есімдер / Жұматов Галымбек. – Павлодар, 2008. – 55 – 60 б.

Жұсіп Куандық Пазылұлы // Қазақстан ғылымы: Энциклопедия. – Алматы, 2009. – 449 б.

Жұсіпов Куандық Фазылұлы // Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. – Алматы, 1999. – 282 б.

Жұсіпов Куандық Фазылұлы // Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005. – 236 б.

Жұсіпов Куандық // Қазақстан жазушылары: Анықтамалық / құраст.: Қ. Саят., Қ. Жұмашева. – Алматы, 2009. – 178 б.

Жұсіпов Куандық // Қазақстан жазушылары: ХХ ғасыр: Анықтамалық. – Алматы, 2004. – 141 б.

Куандық Мәшһүр – Жұсіп: Анықтамалық көрсеткіш. – Павлодар, 2001. – 24 б.

11 қараша

Суретші Қ.Қ. Баймұлдиннің туғанына
65 жыл (1946)

Қажыбек Қамалұлы Баймұлдин 1946 жылы Ақсу қаласында туған. Әскер қатарынан келгеннен кейін Н.В. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесіне түсіп, оны 1973 жылы бітірді. 70-ші жылдардың ортасынан Павлодарда жұмыс істеп, 80- 90-шы жылдардың басында дүниеге деген көзқарасы толығырақ дамып, ойы терең үлкен сурет шеберіне айналды.

Қ. Баймұлдин шығармашылығына тән басты қасиеттер – тұтастық, таңдалған тақырыпты дамыту, мазмұндық жағынан терендете түсү. Егер басты тақырып табиғат болса, шебердің пейзаждары нақты өлке, аймақтарға тікелей қатысты: ең әуелі қылқалам шеберінің туған өлкесі – Баянауыл, Керекудің көсілген жазиралары, өзі пленэр өткізуге мұрындық болған Бурабайдың бүлінбеген сұлулығы.

Қылқалам шебері өнер туындысының құдіреті арқылы рухани-табиғи орта мен шығармашылық иесі – өзінің арасындағы жақындықты осылайша анғартуға шебер. Қоркем бақылау нысаны ретінде адамдарға автор 80-90 жылдарды салынған портреттер сериясында көп көніл бөлгөн. Пейзаждарында жылқылар жиі бейнеленеді. Автордың жаңына сондай жақын образдар, тіптен композициялық және мазмұндық түрғыдан тұлпарлар оның шығармаларында адамдарды алмастыратын сияқты. «Ананың портреті», «Қобызды ойнаған қызы» жұмыстарында ойлылық, қалтқысыз ашықтық, драматизм басым, «41-ші жылғы хабар», «Аттар. Желтоқсан» туындыларында жеке бастың байланысы және қоғамдағы жағдай көрсетілген.

Жаңа кезеңде әуендейлік, лиризм, поэтикалық иірімдер басты қоркемдік құрал ретінде бой көрсетті. Композициялық сюжеттері бүрынғыша өмір бақылауларына сүйенгенімен, енді әлдебір сағым, бастан кешкендердің нәзік мұнарына оранды, ертегілік, қиялдық белгілермен ұштасып «Дымқыл жайылым», (1996 ж.), «Ауыл шетіндегі түн», (1996 ж.), «Тал түс», (1996 ж.) жатты.

Екі мыңыншы жылдардан бастап Қ. Баймұлдиннің суреттері заттық әрі дәлдік нақтылықтан арылып, буырқанған түстердің

күрделі сәйкестендірілуіне қарай «Дала желі», (2006 ж.), «Композиция» (2006 ж.) бағытталды.

Қ. Баймұлдин қаладағы және облыстағы бірқатар монументтік туындылардың авторы. Суретшінің эскизі бойынша С. Торайғыров атындағы совхоз Мәдениет үйінде халық ақынына арналған әшекейлері, Екібастұз ауданы Степной ауылында Ә.Х. Марғұланға арналған ескерткіш, «Майқайын-алтын» комбинаты, химзауыт профилакторияларын әшекейлеген.

Суретші Чехия, Польша, Венгрия елдерінде өткен халықаралық көрмелерге қатысқан. Бүкілодақтық «КСРО жас суретшілері» симпозиумы (Мәскеу, «Сенеж», 1980 ж.), IV Халықаралық «Адам және табигат» (Закарпатье, Ужгород қаласы, 1988 ж.) 2003 жылы Республикалық көркемсурет пленэрлеріне (Баянаул және Бурабай) қатысты.

Көркемсуретші монументалді-декоративті өнер, скульптура мен ескерткіштер жобасын жасаумен шұғылданатынына қарамастан өзінің шығармашылық орнын сурет өнерінен тапты. Өз өнерінде өрнектей, жеткізе алмаған ойларын жүзеге асыру үшін поэзияға бой үрады.

Қажыбек Баймұлдин бұрынғы КСРО суретшілер Одағының мүшесі, Қазақстан суретшілер Одағының басқарма (1987) мүшесі, Павлодар Суретшілер одағы басқармасының (1995) төрағасы.

Әдебиеттер:

Қажыбек Баймұлдин: фотоальбом. – Алматы: Интерпринт, 2006. – 160 б.

Баймұлдин Қ. Өлеңдер / Қажыбек Баймұлдин // Сарыарқа самалы. – 2006. – 30 қараша. – 17 б.

«Жәбірленгендер бар да, жәбірлеушілер жоқ»: [Павлодар облыстық суретшілер Одағының төрағасы Қажыбек Баймұлдинмен сұхбат / Әңг. Б. Ахметова] // Сарыарқа самалы. – 2002. – 14 желтоқсан. – 8 б.

Жұматов F. Тұмасынан қонған өнер үйірлі келеді: [Қазақстан Суретшілер одағы Павлодар облыстық бөлімшесінің төрағасы, ҚР Мәдениет қайраткері Қ.К. Баймұлдинмен сұхбат] / Әңг. F. Жұматов // Сарыарқа самалы. – 2006. – 30 қараша. – 16 б.

* * *

Қажыбек Баймұлдин // Павлодардың суретшілері – Художники Павлодара: Альбом / құраст.: А.Бибина. – Павлодар, 2003. – 12 – 19 б.

Жұматов Ф. Тұмасынан қонған өнер үйірлі келеді // Жұматов Ф. Мәшінр тағлымы. Елге танылған есімдер. – Павлодар, 2008. – 172-177 б.

Жұматов Ф. Бояу сыры: [Қазакстан Суретшілер одағы басқармасының мүшесі, Павлодар Суретшілер одағы басқармасының төрағасы Қ. Баймұлдиннің шығармашылығы жайлы] / Фалымбек Жұматов // Сарыарқа самалы. – 2007. – 6 қаңтар. – 3 б.

Сәнитасұлы Б. Боямасыз өмір: [Мемлекеттік сыйлықтың иегері, талантты суретші, кескіндеме шебері Қажыбек Баймұлдиннің шығармашылығы жайлы] / Балтас Сәнитасұлы // Әдебиет айдыны. – 2007. – 25 қаңтар. – 12 б.

14 қараша

Фалым, техника ғылымдарының докторы
Ф.Уалиевтің туғанына 70 жыл (1941)

Үәлиев Фахип 1941 жылы Павлодар облысы Железинка ауданының Еңбекші ауылында дүниеге келген. Бала кезінен еңбек етүмен болды. 1958 жылы талапкер қазақ орта мектеп-интернатын бітірген соң екі жылдай туған жерінде мектептерде математика мен физика пәндерінен сабак беріп, мұғалім атанды. Жастайынан оқуға құштар болған, білім ізден 1960 жылы Алматы қаласына келеді. Қазақ мемлекеттік университетінің механика – математика фаультетіне түсіп, студент атанады.

Жоғары оқу орнын жаңа бітірген жас маманға зор сенім көрсетіліп, сол кездегі КСРО Ғылым Академиясының машинатану институтының «Машиналар тербелісі» лабораториясына ғылыми тәжірибеден өту үшін екі жылға академик К.Ф.Фроловтың қарамағына жіберілді. Мұнда да өзінің белсенділігімен, ғылымға деген икемділігімен көзге түсken ғалымның ынта-жігері жоғары бағаланып, оған аспирантураға түсуге жолдама беріледі. Осылай ғалым 1967-1970 жылдары аспирантураның құндізгі бөлімінде оқи жүріп, тоқыма машиналарының тербелісі және серпімді түйінді механизмдердің динамикасы саласы бойынша ғылыми-зерттеу

жұмыстарын жүзеге асыру нәтижесінде 1972 жылы академик Ө.А. Жолдасбековтің басшылығымен механизмдер, машиналар және автоматтық жүйелер – мамандығы бойынша «СТБ станок автоматының соғу механизмінің беріктігі мен динамикасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды.

Ғ. Уәлиев сол жылдардан бастап ҚазМУ-дің аға оқытушысы, математик-программист, қолданбалы механика кафедрасының менгерушісі, механика және қолданбалы математика факультетінің деканы, ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры қызметтерін атқарған.

Фалым ғылыми жолға түскеннен бері 150-ден астам ғылыми еңбектері жарияланған. Солардың ішінде, 3-монография, 3-оку күралы, 4-оку-әдістемелік күрал. Шетелдерде, атап айтқанда Италияда, Германияда, Швейцарияда және өз елімізде 10-нан астам патенттің авторы ері бұрынғы Кеңес Одағының өнертапқышы болды.

Ғахип Уәлиевтің жоғары ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандар даярлаудағы қызметі едәуір: 1973-1983 және 1995-1999 жылдары ҚазМУ-дың кафедра менгерушісі, 1983-1989 жылдары механика және қолданбалы математика факультетінің деканы, 1989-1992 жылдары ҚазМУ-дің проректоры, 1992-1995 жылдары ҚР ЖАК төрағасының орынбасары, 1996-1999 жылдары ҚазМУ-дің қолданбалы механика кафедрасының менгерушісі, 1999-2002 жылдары Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті физика-математика факультетінің деканы, кафедра менгерушісі болып жұмыс атқарған.

2002 жылдан Ө.А. Жолдасбеков атындағы механика және машина жасау институтының директоры болды. 1982 жылы Үәлиев Ғахип ҚазКСР-нің Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Фалым 1985 жылы «КСРО жоғары мектебінің үздігі», ал 2000 жылы «ҚР Білімінің үздігі» медальдарымен марараптталған. Оның басшылығымен 12 кандидаттық, 3 докторлық диссертация қорғалған.

Әдебиеттер:

Уәлиев Ғахип // Қазақ ССР: Қысқаша энциклопедия. 4 т. – Алматы, 1988. – 3 т. – 535 – 536 б.

Уәлиев Ғахип // Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. 10 т. – Алматы, 2006. – 8 т. – 645 б.

Арын Е. Тұғырлы тұлға (ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Фахип Үәлиев – 65 жаста) / Е. Арын, Қ. Алдаберген // Сарыарқа самалы. – 2006. – 14 қараша. – 6 б.

Ақын – импровизатор
Б. Меркемелиденовтың
тұғанына 120 жыл (1891-1963)

Бекболат Меркемелиденов 1891 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. Әкесі Меркемелиден патшаға қарсы айтылған сөздері мен қылышы үшін қамалып, Павлодар түрмесінде дүние салған. Бұл кезде Бекболат төрт жаста еді. Анасының тәрбиесінде болған ескіше оқып, хат тани бастаған.

1916 жылғы патша өкіметінің маусым жарлығына қарсы Ерейментауда болған көтеріліске ақын да катысады. 1923 жылы ашылған Петропавл қаласындағы мұғалімдер курсына түсіп оқиды. 1924-1956 жылға дейін Қарағанды, Ақмола, Павлодар облыстарында оқытушылық қызмет атқарды. Осы жылдары мектептерде көркемөнер үйірмелерін басқарып, ақындық өнерден қол үзбеді.

Карт ақын Ұлы Отан соғысы жылдарында ақындар айтысана белсene катысады. 1944 жылы Ақмола облысы Есіл ауданының тұрғындары Р. Байқошқаровпен, Қ. Төрегелдинмен, А. Әлжановпен айтысқа түседі.

1958 жылы Ақмолада өткен облыстық айтыста жүлдеге ие болады. 1961 жылы Алматыда өткен ақындардың республикалық мәслихатына арнау өлеңін «Ақындар жыры» (1963) орындаған. «Ереймен» атты өлеңі «Пернедегі термелер» (1965) жинағында жарияланды.

Әдебиеттер:

Меркемелиденов Бекболат // Ақын – жыраулар. – Алматы, 1979. – 106-107 б.

Меркемелиденов Бекболат // Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. – Алматы, 1999. – 474 б.

Меркемелиденов Бекболат // Павлодар өнірінің ақын-жыраулары: Библиографиялық анықтамалық. – Павлодар, 2004. – 33-34 б.

Қазақтың прогресшіл педагогі, филологі,
Ә.З. Сәтбаевтың тұғанына 130 жыл (1881-1938)

ХХ ғасырдың алғашқы жылдары қазақ елінің рухани өркендеуінде, ағарту ісінің ғылыми дүрыс жолға қойылып, жемісті нәтижелерге жету барысында аянбай еңбек еткен көрнекті қайраткерлердің бірі – Әбікей Зейінұлы Сәтбаев. Әбікей Сәтбай атанаң төрт ұлының бірі – Зейіннен туған немересі.

Әбікей Зейінұлы Сәтбаев 1881 жылы Павлодар облысы Баян-ауыл ауданы Шадыра (кейін Сәтбаев совхозы) ауылында туған. Әкесі Зейін көп балалы, орта шаруалы, арабша сауатты болған. Атасы Сәтбай бұл немересін де көрген. Әкесі Әбікейді әуелі ауыл мектебінде оқытты. Кейін Омбының мұғалімдік семинариясында білімін тереңдеткен.

1905 жылы Ә. Зейінұлы Баянауыл орыс-қазақ мектебінде мұғалімдік қызмет атқарды. 1909 жылы Керекудегі екі кластық орыс-қазақ училищесінде орыс тілі мен әдебиеті, тарих, география пәндерінен сабак береді. 1910-1917 жылдары Ә. Зейінұлы осы училищенің директорлық қызметін аткарған. 1920-1921 жылдары Губерниялық халық ағарту бөлімін басқарды.

1922 жылы Қазақстанда мұғалімдер даярлайтын тұнғыш оқу орындарының бірі – Семей педагогикалық техникумының директоры болып тағайындалды. Директорлық қызметті ол 1927 жылдың сонына дейін атқарды. Өз өмірін ұстаздық жолға арнаған Әбікей Зейінұлы 1928-1931 жылдары Омбы қаласында жұмыс факультетінде сабак берген.

Ә. Сәтбаев ел көркеюіне бағытталған игі істерімен артына бай мұра да қалдырған. Ташкентте 1923 жылы шықкан «Сана», Семей қаласында 1924-1925 жылдары басылған «Таң» басылымдарында «Оқытушы деген кім?», «Ағарту жұмысында не шара қолдануымыз керек?» т.б. мақалалары жарық көрген. Онда қазақ елінің өркендеу жолдарын іздестіру, оқу – ағарту, білім – ғылымның қыруар проблемалары мен мәселелері қамтылған.

Ә. Сәтбаевтың ағарту жолында жасалып жатқан еңбектері туралы 1920 жылдары газет беттерінде жиі жарияланып тұрды. Алғаш рет ол туралы жазғандардың бірі – С. Сейфуллин. Дарынды жазушы және қоғам қайраткері Сәкен мен Әбікей замандас еді.

Ә. Сәтбаев басқарған оқу мекемеден талай атақты адамдар шықты. Олар, әлемге әйгілі атақты ғалым, ҚР Үлттық ғылым Академиясының толық мүшесі, академик Ә. Марғұлан, көрнекті тарих маманы, тарих ғылыминың докторы М. Ахынжанов, мұғалім, әрі әртіс болған С. Мұхамеджанов, кейін бітірген белгілі қоғам қайраткерлері, Қазақ КСР Ішкі істер министрлігінде ұзақ жыл қызмет істеген генерал – Ш. Қабылбаев, белгілі ғалым – тілші Ж. Досқараев, профессор Ә. Сембаев, филология ғылыминың кандидаты М. Бөжеев, белгілі журналист Ғ. Самурзин, К. Барман-құлов, М. Бегалин және т.б.

Әдебиеттер:

Ұстаздардың ұстазы // Қ. Алдабергенов, А. Ерлан, Б. Баткеева / Бір туар дара тұлғалар. – Павлодар, 2003. – 45 б.

Жанаева Ш. Семейдің мұғалімдер семинариясы және Сәтбаевтар әулетінің ұш өкілі: [Ұлы зиялды азаматтар туралы] / Ш. Жанаева // Қазақ әдебиеті. – 2009. – 10 – 16 сәуір. – 11 б.

Нұхұлы А. Асыл мұрасын асқақтатқан бабалар: [Кереку жерінен шыққан ұлы адамдар жайлы] / Алтынбек Нұхұлы // Сарыарқа самалы. – 2005. – 14 шілде. – 4-5 б.

Садықова К.Ж. Әбікей Зейінұлы Сәтбаев: [Қазақ интеллигациясының көрнекті өкілдерінің бірі, ұстаз – ағартушы, өз елінің патриоты болған Әбікей Сәтбаев туралы] / К.Ж. Садықова, А.М. Садықова // ПМУ хабаршысы. – 2004. – № 1. – 31-42 б.

Халық композиторы, ақын – импровизатор
Жарылғапберді Жұмабайұлының
туғанына 160 жыл (1851-1914)

Қазақтың белгілі әнші-композиторы, суырып салма ақыны Жарылғапберді Жұмабайұлы 1851 жылы қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. Арабша оқыған, шығыс поэзиясын жақсы білген. Жыр, қиссалар айтқан. Құс салып, саятшылық өнер қуған, балуан болған. Біржан салды ұстаз тұтқан.

Жарылғапберді Шыңғыс Үәлиханов пен Мұса Шормановтармен араласа жүріп, Қекшетау, Қызылжар, Омбы өнірінде шыққан әндерді Баянауыл мен Ертіс бойына жеткізген. Шоқан

әuletіндегі қобызшы Қанғожа, әнші Қозыкемен дос болған. Сырымбет жерінен шыққан «Топайқөк» әні Жарылғапберді есімімен ел ішіне кең тараған.

Ақын кезінде ғашықтық әндерді көп шығарған. Ел аузында тек қана «Шұбартау», «Шама», «Қарагөз», «Ардақ» әндері сақталған. Бұл әндерді Балабек пен Сапарбай Ержановтар, Қ. Байжанов, Ф. Айтбаев өте шебер орындаған.

Әдебиеттер:

Жарылғапберді Жұмабайұлы // Қазақ өнері: Энциклопедия. – Алматы, 2002. – 216 б.

Ақшолақов Т. «Жарылғап ескі әншінің манғазы еді»: [Бірегей, біртуар әнші-композитор Жарылғапбердінің биыл дүниеге келгеніне 150 жыл] / Т. Ақшолақов // Сарыарқа самалы. – 2001. – 29 маусым. – 26 б.

Қайырбеков Е. Әйгілі «Шама» әні Жарылғапбердікі емес, Нұрғұлы Шама ақынның төл туындысы / Е.Қайырбеков // Сарыарқа самалы. – 2003. – 12 сәуір. – 8 б.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2011 ЖЫЛЫ ЕСКЕ АЛЫНАТЫН КҮНДЕРІ МЕН МЕРЕЙТОЙЛАР КОРСЕТКІШІ

ҚАҢТАР

1 қаңтар – **Жаңа жыл**

1 қаңтар – Халық композиторы және домбырашы **Д. Нұрпейісованың** туганына 150 жыл (1861-1955)

1 қаңтар – Композитор **К. Мусиннің** туганына 90 жыл (1921-1970)

1 қаңтар – Қазақтанның халық әртісі **Б. Досымжановтың** туганына 90 жыл (1921-1998)

2 қаңтар – Жазушы **М. Сәрсекеевтің** туганына 75 жыл (1936)

4 қаңтар – Қазақстандағы алғашқы дәрігерлер съезінің ашылғанына 75 жыл (1936)

9 қаңтар – Ақын **Құлмәмбеттің** туганына 185 жыл (1826-1906)

29 қаңтар – Жазушы **М. Сүндеговтің** туганына 75 жыл (1936)

Қаңтар – «**Айқап**» басылымының алғашқы рет жарық көргеніне 100 жыл (1911)

АҚПАН

9 ақпан – Ақын **М. Мақатаевтың** туганына 80 жыл (1931-1976)

12 ақпан – «**Наука»** («**Ғылым**») баспасына 65 жыл (1946)

13 ақпан – **М. Әуезов атындағы қазақ академия** театрына 85 жыл (1926)

19 ақпан – Заң ғылымдарының докторы, КРҒА академигі **С. Зимановтың** туганына 90 жыл (1921)

28 ақпан – Ақын-импровизатор **Ж. Жабаевтың** туганына 165 жыл (1846-1945)

Ақпан – **Верный** қаласының **Алматы** қаласы болып өзгергеніне 90 жыл (1921)

НАУРЫЗ

5 наурыз – **ҚазТАГ-қа** 85 жыл (1926)

8 наурыз – **Халықаралық әйелдер күні**

8 наурыз – Кенес Одағының батыры **В. Клочковтың** туганына 100 жыл (1911-1941)

14 наурыз – КСРО халық әртісі, әнші **М. Абдуллиннің** туганына 95 жыл (1916-1996)

14 наурыз – КСРО халық әртісі, әнші Р. Абдуллиннің тұғанына 95 жыл (1916-1988)

22 наурыз – **Наурыз мейрамы**

22 наурыз – «Лениншіл жас» (қ. «Жас Алаш») басылымының шыға бастағанына 90 жыл (1921)

СӘУІР

1 сәуір – Қарағанды С. Сейфуллин атындағы қазақ театрына 75 жыл (1936)

3 сәуір – Жазушы Б. Алдамжаровтың тұғанына 65 жыл (1946)

7 сәуір – Қазактың күрескер-балуаны Қ. Мұцайтпасовтың тұғанына 140 жыл (1871-1948)

12 сәуір – Әдебиет зерттеуші М.К. Байділдаевтың тұғанына 85 жыл (1926-1994)

30 сәуір – Жазушы С. Оразалиновтың тұғанына 70 жыл (1941)

МАМЫР

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлестігі күні

1 мамыр – Жазушы К. Сегізбайдың (К. Сауырұлы) тұғанына 70 жыл (1941)

6 мамыр – Жазушы, композитор және журналист И. Жақановтың тұғанына 75 жыл (1936)

9 мамыр – **Женіс күні**

15 мамыр – Ақын Б. Тәжібаевтың тұғанына 85 жыл (1926-1994)

18 мамыр – Ақын О. Сүлейменовтың тұғанына 75 жыл (1936)

24 мамыр – Композитор Н. Мендіғалиевтің тұғанына 90 жыл (1921)

МАУСЫМ

1 маусым – ҚазКСР Ғылым Академиясының ашылғанына 65 жыл (1946)

5 маусым – Жазушы және журналист Е. Зікібаевтың тұғанына 75 жыл (1936-2002)

10 маусым – А. Кастеев атындағы мемлекеттік бейнелеу өнер мұражайына 35 жыл (1976)

18 маусым – ҚазКСР халық әртісі, әнші Г. Разиеваның тұғанына 75 жыл (1936)

19 маусым – Қазақстанның театр қайраткерлері Одағының құрылғанына 25 жыл (1986)

ШІЛДЕ

4 шілде – КСРО халық әртісі, әнші **Е. Серкебаевтың** тұғанына 85 жыл (1926)

14 шілде – Жазушы **А. Брагиннің** тұғанына 100 жыл (1911-)

17 шілде – Композитор **Л. Хамиидидің** тұғанына 105 жыл (1906-1983)

26 шілде – Халық суретшісі **Н. Гаевтың** тұғанына 85 жыл (1921)

ТАМЫЗ

1 тамыз – ҚазКСР-нің Еңбек сінірген өнер қайраткер, суретші **С. Романовтың** тұғанына 85 жыл (1926)

25 тамыз – Ақын **М. Айтхожинаның** тұғанына 75 жыл (1936)

29 тамыз – Семей ядролық полигонының жабылғанына 20 жыл

30 тамыз – ҚР FA A.X. Марғұлан атындағы археология институтының құрылғанына 20 жыл (1991)

30 тамыз – ҚР Конституция күні

31 тамыз – Фалым, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы **Е. Лизунованың** тұғанына 80 жыл (1926)

ҚЫРКҮЙЕК

1 қыркүйек – Қазақстанның мемлекеттік орталық мұрағатының ашылғанына 85 жыл (1921)

15 қыркүйек – «Ақиқат» басылымының алғашқы рет жарық көргеніне 90 жыл (1921)

Қыркүйек – Қазақ **Абай атындағы** педагогика институтына 85 жыл (1926)

ҚАЗАН

2 қазан – Кинорежиссер **А. Қарсақбаевтың** тұғанына 85 жыл (1926-1983)

3 қазан – Жазушы, аудармашы, сыншы **Б. Момышұлының** тұғанына 70 жыл (1941)

4 қазан – Фалым – математик, физика-математика ғылымдарының докторы, академик **Ө. Сұлтанғазиннің** тұғанына 75 жыл (1936-2005)

14 қазан – Ақын **Қ. Аманжоловтың** тұғанына 100 жыл (1911-1955)

14 қазан – Ақын **Х. Ерғалиевтың** тұғанына 95 жыл (1916-1997)

15 қазан – Жазушы **С. Мұратбековтың** тұғанына 75 жыл (1936-2007)

18 қазан – Жазушы **Н. Ровенский**дің тұғанына 85 жыл (1926-1995)

25 қазан – Жазушы және ақын **Ә. Дүйсенбиевтің** тұғанына 80 жыл (1931-1979)

Қазан – «**Ғылым**» баспасының құрылғанына 65 жыл (1946)

Қазан – «**Друг читателя**» газетінің алғашқы рет жарық көргеніне 50 жыл (1961)

ҚАРАША

2 қараша – Қазақ ағартушысы және қоғам қайраткері **Ы. Алтынсариннің** тұғанына 170 жыл (1841-1889)

4 қараша – Ақын, публицист **Б. Бұлқышевтың** тұғанына 95 жыл (1916-1944)

5 қараша – Ақын **Т. Абдрахмановың** тұғанына 90 жыл (1921-)

5 қараша – Жазушы **Б. Шахановтың** тұғанына 70 жыл (1941)

16 қараша-Тарихшы **М. Қозыбаевтың** тұғанына 80 жыл (1931-2002)

22 қараша – **Ақсу-Жабағлы** заповеднигіне 85 жыл (1926)

ЖЕЛТОҚСАН

16 желтоқсан – ҚазКСР халық әртісі, актриса **Ф. Шарипованың** тұғанына 75 жыл (1936-2010)

16 желтоқсан – **ҚР Тәуелсіздік күні**

23 желтоқсан – Ақын **Е. Әукебаевтың** тұғанына 90 жыл (1921-2008)

30 желтоқсан – Жазушы **Н.И.Ановтың** тұғанына 120 жыл (1891-1980)

Қыпшақ ақыны, ғалым **Саиф Сарайдың** тұғанына 690 жыл (1321)

Қазақтың ұлы ханы Абылайдың тұғанына 300 жыл (1711-1781)

Халық көтерілісін бастаған қолбасшы, батыр **И. Таймановтың** тұғанына 220 жыл (1791-1838)

Қазақтың суырып салма ақыны **Арыстанбай Тобылбайұлының** тұғанына 200 жыл (1811-1880)

Сарыбай батыр **Айdosовтың** тұғанына 190 жыл (1821-1890)

Семей қаласының құрылғанына 180 жыл (1831)

Композитор **Сейтек Оразұлының** туғанына 150 жыл (1861-1933)

Орыс ориенталисі, қазақ тарихын, этнографиясын және фольклорын зерттеуші ғалым **А.Е. Алекторовтың** туғанына 150 жыл (1861-1918)

Қазақтың халық ақыны **Құлан Алдабергеновтың** туғанына 150 жыл (1861-1931)

Ақын **Ақылбай Абайұлы Құнанбаевтың** туғанына 150 жыл (1861-1904)

Ж. Молдағалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық әмбебаптың кітапханасының құрылғанына 140 жыл (1871)

(**Б. С. Сейфуллин атындағы Целиноградтық облыстық** кітапханасы) Астана қ. Республикалық көпшілік кітапханасына 70 жыл (1941)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ КӘСІБИ МЕРЕКЕЛЕРІНІҢ КӨРСЕТКІШІ

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

31 мамыр – Саяси құғын-сұргін құрбандарын еске алу күні

4 маусым – ҚР рәміздері күні

19 маусым – Медицина қызметкерлері күні

23 маусым – ҚР салық полициясының құрылған күні

26 маусым – Баспа, телеарна және радио күні

2 шілде – Дипломатиялық қызмет күні

17 шілде – Металлургтер күні

7 тамыз – Байланыс және транспорт қызметкерлері күні

14 тамыз – Құрылыштың күні

21 тамыз – Спорт күні

28 тамыз – Шахтер күні

1 қыркүйек – Білім күні

4 қыркүйек – Мұнай-газ комплексінің қызметкерлері күні

18 қыркүйек – ҚР халықтар тілдері күні

28 қыркүйек – Атомдық сала қызметкерлері күні

2 қазан – Мұғалімдер күні

15 қараша – Ұлттық валюта күні

18 желтоқсан – Энергетиктер күні

20 караша – Ауылшаруашылығы қызметкерлері күні

2011 ЖЫЛЫ АТАЛЫП ӨТІЛЕТІН ТМД ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ҒЫЛЫМ, ӨНЕР, ӘДЕБІЕТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ МЕРЕЙТОЙЫ КҮНДЕРІНІҢ КӨРСЕТКІШІ

ҚАНТАР

6 қантар – Орыс әртісі **Н.А. Крючковтың** туғанына 100 жыл (1911-1994)

3 қантар – Орыс ақыны **Н.М. Рубцовтың** туғанына 75 жыл (1936-1971)

8 қантар – Жазушы **Е.Н. Пермитиннің** туғанына 115 жыл (1896-1971)

12 қантар – Швейцариялық педагог **И.Г. Песталоццидің** туғанына 265 жыл (1746-1827)

12 қантар – Американ жазушысы **Д. Лондонның** туғанына 135 жыл (1876-1916)

12 қантар – Латыш композиторы **Р. Паулстың** туғанына 75 жыл (1936)

13 қантар – Жазушы **А.А. Вайнердің** туғанына 80 жыл (1931-2005)

14 қантар – Жазушы **А.Н. Рыбаковтың** туғанына 100 жыл (1911-1999)

15 қантар – Орыс ақыны **О.Э. Мандельштамның** туғанына 120 жыл (1891-1938)

22 қантар – Ағылшын философы **Ф. Бэконның** туғанына 450 жыл (1561-1626)

21 қантар – Испан әншісі **Пласидо Домингоның** туғанына 70 жыл (1941)

24 қантар – Неміс жазушысы, композитор, суретші **Э.Т. Гофман-ның** туғанына 235 жыл (1776-1822)

24 қантар – Орыс кинорежиссері **М.И. Ромның** туғанына 110 жыл (1901-1971)

27 қантар – Австриялық композитор **А.А. Моцарттың** туғанына 255 жыл (1756-1791)

27 қаңтар – Украин ақыны **П. Тычинаның** тұғанына 120 жыл (1891-1967)

27 қаңтар – Орыс жазушысы **И.Г. Эренбургтың** тұғанына 120 жыл (1891-1967)

27 қаңтар – Орыс жазушысы **М.Е. Салтыков-Щедриннің** тұғанына 185 жыл (1826-1889)

28 қаңтар – Орыс тарихшысы **В.О. Ключевскийдің** тұғанына 170 жыл (1841-1911)

29 қаңтар – француз жазушысы, қоғам қайраткері **P. Ролланның** тұғанына 145 жыл (1866-1944)

АҚПАН

3 ақпан – Драматург **Э. Володарскийдің** тұғанына 70 жыл (1941)

5 ақпан – Сыншы **Н.А. Добролюбовтың** тұғанына 175 жыл (1836-1861)

9 ақпан – Өзбек ақыны және ойшылы **Әлишер Навоидың** тұғанына 570 жыл (1441-1501)

10 ақпан – Жазушы **Б.К. Зайцевтың** тұғанына 130 жыл (1881-1972)

10 ақпан – Академик **М.В. Келдыштың** тұғанына 100 жыл (1911-1978)

12 ақпан – Орыс балеринасы **А. Павлованың** тұғанына 130 жыл (1881-1931)

14 ақпан – Поляк әншісі **А. Германның** тұғанына 75 жыл (1936-1982)

15 ақпан – Татар ақыны **М. Джалилюдың** тұғанына 105 жыл (1906-1944)

12 ақпан – Орыс жазушысы **Н.С. Лесковтың** тұғанына 180 жыл (1831-1895)

17 ақпан – Орыс жазушысы және ақыны **А.Л. Бартонның** тұғанына 105 жыл (1906-1981)

21 ақпан – Орыс суретшісі **П.П. Кончаловскийдің** тұғанына 135 жыл (1876-1956)

22 ақпан – Италиян актрисасы **Д. Мазинаға** 90 жыл (1921-1994)

25 ақпан – Француз суретшісі **О. Ренуарға** 170 жыл (1841-1919)

25 ақпан – Украин ақыны **Л. Українкаға** 140 жыл (1871-1913)

27 ақпан – Орыс суретшісі **Н.Н. Генің** туганына 180 жыл (1831-1894)

28 ақпан – Орыс ақыны, филолог **В.И. Ивановтың** туганына 145 жыл (1866-1949)

НАУРЫЗ

2 наурыз – Орыс актрисасы **И.С. Савинаның** туганына 75 жыл (1936)

6 наурыз – Поляк кинорежиссері **А. Вайданың** туганына 85 жыл (1926)

8 наурыз – Орыс әртісі **А.А. Мироновтың** туганына 70 жыл (1941-1987)

12 наурыз – Американ актрисасы **Л. Минеллидің** туганына 65 жыл (1946)

24 наурыз – Орыс физик-ғалымы **С.И. Вавиловтың** туганына 120 жыл (1891-1951)

24 наурыз – Орыс әншісі **К.И. Шульженконың** туганына 105 жыл (1906-1984)

25 наурыз – Француз актрисасы **С. Синьоренің** туганына 90 жыл (1921-1985)

29 наурыз – Орыс кинорежиссері **С. Говорухиннің** туганына 75 жыл (1936)

31 наурыз – Француз философи **Р. Декарттың** туганына 415 жыл (1596-1650)

СӘУІР

2 сәуір – Орыс композиторы және дирижер **О.Л. Лундстремнің** туганына 95 жыл (1916-2005)

4 сәуір – Орыс ақыны **Ф. Чуевтің** туганына 70 жыл (1941-1999)

6 сәуір – Орыс суретшісі **И. Суриковтың** туганына 170 жыл (1841-1880)

9 сәуір – Француз ақыны **Ш. Бодлердің** туганына 190 жыл (1821-1867)

13 сәуір – Ирландтық драматург, жазушы **С. Беккеттің** туганына 105 жыл (1906-1989)

15 сәуір – Орыс ақыны **Н.С. Гумилевтің** туганына 125 жыл (1886-1921)

16 сәуір – Орыс актері **С.П. Никоненконың** туганына 70 жыл (1941)

- 19 сәуір – Орыс жазушысы **Г. Марковтың** туғанына 100 жыл (1911-1991)
- 23 сәуір – Орыс композиторы **С.С. Прокофьевтің** туғанына 120 жыл (1891-1953)
- 24 сәуір – Орыс жазушысы және тарихшысы **Н.А. Бестужевтың** туғанына 220 жыл (1791-1855)
- 26 сәуір – Татар ақыны және публицисті **Г. Тукайдың** туғанына 125 жыл (1886-1913)
- 29 сәуір – Орыс мемлекеттік қайраткері, тарихшы **В.Н. Татищевтің** туғанына 325 жыл (1686-1750)
- 30 сәуір – Орыс жазушысы **В.И. Лихоносовтың** туғанына 75 жыл (1936)

МАМЫР

- 2 мамыр – Тәжік жазушысы **М. Тұрсын-Заденің** туғанына 100 жыл (1911-1977)
- 2 мамыр – Орыс ақын **Е.А. Исаевтың** туғанына 85 жыл (1926)
- 2 мамыр – Орыс философы **В.В. Розановтың** туғанына 155 жыл (1856-1919)
- 5 мамыр – Поляк жазушысы **Г. Сенкевичтің** туғанына 165 жыл (1846-1916)
- 5 мамыр – Австриялық дәрігер, психолог **З. Фрейдтің** туғанына 155 жыл (1856-1939)
- 7 мамыр – Үнді жазушысы **Р. Тагордың** туғанына 150 жыл (1861-1941)
- 8 мамыр – Итальян режиссері **P. Росселинидің** туғанына 105 жыл (1906-1977)
- 15 мамыр – Орыс жазушысы **М. Булгаковтың** туғанына 120 жыл (1891-1940)
- 21 мамыр – Неміс суретшісі **A. Диорердің** туғанына 540 жыл (1471-1528)
- 28 мамыр – Орыс ақыны **В.Ф. Ходасевичтің** туғанына 125 жыл (1886-1939)
- 30 мамыр – Орыс суретші-ювелирі **K. Фаберженің** туғанына 165 жыл (1846-1920)

МАУСЫМ

- 1 маусым – Американдық актриса **М. Монроның** тұғанына 85 жыл (1926-1962)
- 2 маусым – Орыс жазушысы **К.А. Треневтің** тұғанына 135 жыл (1876-1945)
- 3 маусым – Орыс режиссері **С.А. Герасимовтың** тұғанына 105 жыл (1906-1985)
- 4 маусым – Орыс ақыны **А.Н. Майковтың** тұғанына 190 жыл (1821-1897)
- 5 маусым – Поляк актрисасы **Б. Брыльсканың** тұғанына 70 жыл (1941)
- 11 маусым – Орыс сыншысы, публицистік және демократы **В.Г. Белинскийдің** тұғанына 200 жыл (1811-1848)
- 14 маусым – Орыс жазушысы **А.М. Волковтың** тұғанына 120 жыл (1891-1977)
- 14 маусым – Американ жазушысы **Г. Бичер-Стоудың** тұғанына 200 жыл (1811-1896)
- 17 маусым – Орыс жазушысы **В.Н. Некрасовтың** тұғанына 100 жыл (1911-1987)
- 20 маусым – Жазушы **А. Маркуштың** тұғанына 90 жыл (1921-2005)
- 21 маусым – Ағылшын жазушысы **Ш. Бронтенің** тұғанына 195 жыл (1816-1855)

ШІЛДЕ

- 1 шілде – Орыс ақыны және аудармашы **П.Г. Антокольскийдің** тұғанына 115 жыл (1869-1978)
- 15 шілде – Голландттық суретші **Рембранттың** тұғанына 405 жыл (1606-1669)
- 17 шілде – Орыс саяхатшысы, этнографы **Н.Н. Миклухо-Маклайдың** тұғанына 165 жыл (1846-1888)
- 18 шілде – Ағылшын жазушысы **У. Теккерейдің** тұғанына 200 жыл (1811-1864)
- 18 шілде – Француз әншісі **П. Виардоның** тұғанына 190 жыл (1821-1910)

- 22 шілде – Орыс жазушысы және ақыны **С.А. Баруздиннің** туганына 85 жыл (1926-1991)
- 24 шілде – Француз әншісі **М. Матьенің** туганына 65 жыл (1946)
- 26 шілде – Орыс жазушы **Л. Жариковтың** туганына 100 жыл (1811-)
- 21 шілде – Ағылшын драматургі және жазушысы **Б. Шоудың** туганына 155 жыл (1856-1950)
- 27 шілде – Орыс балет әртісі **М. Лиепаның** туганына 75 жыл (1936-1989)
- 28 шілде – Орыс суретші **А.А. Ивановтың** туганына 205 жыл (1806-1858)
- 28 шілде – Орыс суретші – графигі **Ф.П. Решетниковтың** туганына 105 жыл (1906-1988)

ТАМЫЗ

- 6 тамыз – Орыс суретшісі **А.М. Васнецовтың** туганына 155 жыл (1856-1933)
- 12 тамыз – Сурет шебері **А.М. Герасимовтың** туганына 130 жыл (1881-1963)
- 15 тамыз – Ағылшын жазушысы **В. Скоттың** туганына 240 жыл (1771-1832)
- 15 тамыз – Орыс балеринасы **В.П. Фокинаның** туганына 125 жыл (1886-1958)
- 15 тамыз – Орыс композиторы **М. Таривердиевтің** туганына 80 жыл (1931-1996)
- 16 тамыз – Орыс суретшісі **И.Я. Билибиннің** туганына 135 жыл (1876-1942)
- 17 тамыз – Орыс шахматшысы **М.М. Ботвинниктің** туганына 100 жыл (1911-1995)
- 19 тамыз – Орыс жазушысы **Л.В. Соловьевтің** туганына 105 жыл (1906-1962)
- 21 тамыз – Орыс жазушысы **Л.Н. Андреевтің** туганына 140 жыл (1871-1919)
- 22 тамыз – Орыс жазушысы **А.В. Калининнің** туганына 95 жыл (1916-2008)
- 25 тамыз – Испандық теңіз саяхатшы **X. Колумбтың** туганына 560 жыл (1451-1506)

27 тамыз – Американдық жазушы **Т. Драйзердің** туғанына 140 жыл (1871-1945)

27 тамыз – Орыс актрисасы **Ф.Г. Раневскаяның** туғанына 115 жыл (1896-1984)

30 тамыз – Ағылшын физигі **Э. Резефордтың** туғанына 140 жыл (1871-1937)

ҚЫРКҮЙЕК

2 қыркүйек – Орыс актері **Е.П. Леоновтың** туғанына 85 жыл (1926-1994)

3 қыркүйек – Орыс жазушысы **С.Д. Довлатовтың** туғанына 70 жыл (1941-1990)

3 қыркүйек – Орыс ақыны **С.Г. Островойдың** туғанына 100 жыл (1911-2005)

7 қыркүйек – Орыс жазушысы **В. Крупиннің** туғанына 70 жыл (1941)

8 қыркүйек – Орыс жазушысы **В. Ардаматскийдің** туғанына 100 жыл (1911-1989)

8 қыркүйек – Чех композиторы **А. Дворжактың** туғанына 170 жыл (1841-1904)

12 қыркүйек – Поляк жазушысы **С. Лемнің** туғанына 90 жыл (1921)

14 қыркүйек – Орыс ақыны **А.С. Күшнердің** туғанына 75 жыл (1936)

19 қыркүйек – Орыс жазушысы және ақыны **С.И. Липкиннің** туғанына 100 жыл (1911-2003)

21 қыркүйек – Ағылшын жазушысы **Г. Уэллстің** туғанына 145 жыл (1866-1946)

21 қыркүйек – Орыс әншісі, киноактер **М.Н. Бернестің** туғанына 100 жыл (1911-1969)

21 қыркүйек – Орыс актері **З.Е. Гердттің** туғанына 95 жыл (1916-1996)

22 қыркүйек – Орыс жазушысы **Р.И. Фраерманның** туғанына 120 жыл (1891-1972)

22 қыркүйек – Ағылшын физигі және химигі **М. Фарадейдің** туғанына 220 жыл (1791-1867)

23 қыркүйек – Орыс ғалым-биологы **А.Н. Северцевтың** туғанына 145 жыл (1866-1936)

- 25 қыркүйек – Орыс композиторы **Д.Д. Шостаковичтің** тұғанына 105 жыл (1906-1975)
- 28 қыркүйек – Орыс балеринасы **О.В. Лепешинскаяның** тұғанына 95 жыл (1916-2008)
- 29 қыркүйек – Орыс актрисасы **А.С. Демидованың** тұғанына 75 жыл (1936)
- 30 қыркүйек – Орыс зерттеушісі, математигі, астрофизигі **О.Ю. Шмидттің** тұғанына 120 жыл (1891-1956)

ҚАЗАН

- 1 қазан – Орыс жазушысы **С.Т. Аксаковтың** тұғанына 220 жыл (1791-1859)
- 6 қазан – Жазушы, драматург және аудармашы **Р. Сефтың** тұғанына 80 жыл (1931-2009)
- 8 қазан – Орыс жазушысы **Ю.С. Семеновтың** тұғанына 80 жыл (1931-1993)
- 8 қазан – Орыс актері **Л.В. Куравлевтің** тұғанына 75 жыл (1936)
- 9 қазан – Орыс актері **Е.А. Евстигнеевтің** тұғанына 85 жыл (1926-1992)
- 9 қазан – Орыс жазушысы **Б. Никольскийдің** тұғанына 80 жыл (1931)
- 10 қазан – Орыс жазушысы **А.И. Приставкиннің** тұғанына 80 жыл (1931)
- 13 қазан – Француз актері **И. Монтанның** тұғанына 90 жыл (1921-1991)
- 15 қазан – Орыс меценаты **С.И. Мамонтовтың** тұғанына 170 жыл (1841-1918)
- 17 қазан – Орыс жазушысы **А.И. Приставкиннің** тұғанына 80 жыл (1931)
- 19 қазан – Ағылшын жазушысы **Д. Ле Карренің** тұғаныныа 80 жыл (1931)
- 22 қазан – Венгр композиторы **Ф. Листтың** тұғанына 200 жыл (1811-1886)
- 24 қазан – Орыс актері, режиссері **А.И. Райкиннің** тұғанына 100 жыл (1911-1987)
- 25 қазан – Француз суретшісі **П. Пикассоның** тұғанына 130 жыл (1881-1973)

25 қазан – Орыс әншісі **Г.П. Вишневскаяның** тұғанына 85 жыл (1926)

